# Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет ● Районная общественно-политическая газета

№29 (8115) 20. 07. 2024. Сенбі / Суббота




## Депутаттар Алакөлде

**Таза суымен, жағымды ауа райымен, сұлу көрінісімен талайдың ынтығына айналған Алакөл көлінің жағасы жаз шықса-ақ адамға толып кетеді. Туристердің қатынауына ыңғайлы болу үшін арнайы теміржол, автобустар мен ұшақтар да күнделікті қатынауда.**

ҚР Парламенті Сенатының Жетісу облысы бойынша депутаты А.Толамисов, ҚР Парламенті Мәжілісінің Депутаты Ж.Әшімжанов пен Жетісу облысы «Amanat» партиясының төрағасы А.Арын жұмыс сапарымен Алакөл ауданына келіп, Алакөлдің туристік инфрақұрылымының қарқынды дамуына септігін тигізген Үшарал әуежайының жұмыс барысымен танысып қайтты.

Қонақтарды күтіп алған аудан басшысы А. Абдинов ғимарат ішін аралатып, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды таныстырып өтті.

Айта кетерлігі, Үшарал әуежайы 2021-2022 жылдары аралығында республикалық және жергілікті бюджет есебінен 9,2 млрд.теңге қарастырылып, мердігер «Талдықорған жолдары» ЖШС-гі Үшарал қаласының әуежайының ұшу-қону жолағын қайта құру жұмыстарын атқарған болатын.

Отандық туризмді дамытуда Алакөл ауданында қыруар жұмыс атқарылып жатыр. Жетісудың жақұты саналатын шипалы көл жағасы алыс-жақын шетелдіктер үзбей келетін халықаралық ең маңызды туристік нысанға айналмақ.

**А.МҰРАТ,**
**аудан әкімінің баспасөз хатшысы.**

## Ветеринария қызметкерлері марапатталды

**Биыл елімізде алғаш рет ветеринария қызметкерлері күні аталып өтті. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына тікелей байланысты. Бүгінде стратегиялық маңызы бар сала қарқынды дамып келеді. Ауданымызда ветеринария саласында 142 қызметкер, оның ішінде, 17 ветеринариялық дәрігер абыройлы қызмет атқаруда.**

Осы орайда, аудан әкімдігінің мәжіліс залында ветеринария қызметкерлері күніне орай аудан әкімінің қабылдауы өтті.

Мерекелік жиында аудан басшысы А.Абдинов ауданымыздағы ветеринария саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, еңбектеріне жеміс, жұмыстарына табыс тіледі. Сондай-ақ, ауданның әлеуметтік экономикасының және ветеринария саласының дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін бірқатар ветеринария саласының қызметкерлеріне арнайы Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыстады.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**



## Қазақ тілінің қолданысы тексерілді



**Мемлекеттік тілдің қолданысы күн сайын артып, талап етушілер де көбейіп келеді. Бұрындары қазақ тілінде бағдарлау, кассалық аппараттарды арнайы қазақ тіліне қосу қиынға соғып жатса, бүгінде бұл қол жетімді үрдіске айналды. Яғни тілдің қолданысы кеңіген сайын, талап та күшейе түсетіні, соған қарай кәсіпкерлердің де бейімделуі керек екені анық.**

Осы мақсатта Алакөл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі, Алакөл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, аудандық кәсіпкерлік бөлімі, БАҚ өкілдері Үшарал қалалық округ әкімі аппаратымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңнамасына сәйкес, кассалық аппараттарда төлем түбіртектерінің мемлекеттік тілдегі нұсқасының болуы және қолданылу мәселесін шешуі бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ҚР Тіл туралы заңының 21-бабының талаптары түсіндіріліп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Бұл түсіндіру жұмыстарының мақсаты – қолданушылардың сұранысын қанағаттандыру және кәсіпкерлердің мемлекеттік тілде де қызмет көрсетуін түсіндіру. Үшарал қаласындағы кәсіпкерлік нысандарды аралау барысында түбіртегі қазақ тілінде шықпайтын кәсіп иелеріне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кассалық аппараттарын жаңартуға кеңес берілді.

**А.СҮЛЕЙМЕН.**

## «ALAKOL CLEAN» сурет байқауы өтті

«Таза Қазақстан» акциясының идеологиялық мазмұнын түсіндіру, қоршаған ортаны сақтау, вандализмге жол бермеу, тазалықты сақтауға және қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға аудару, табиғатты ластаудан, қорлаудан аулақ болуға шақыру баршамыздың басты міндетіміз.



Осы орайда, Ақши ауылы, «Жалын» жазғы сауықтыру лагерінде «Alakol jastary» филиалының ұйымдастыруымен «Alakol clean» атты сурет байқауы өткізілді.

«Таза Қазақстан» тақырыбына негізделген сурет салу байқауына «Жалын» жазғы-сауықтыру лагерінің демалушылары, әр ауылдық, округтің мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсене қатысты.

Байқауға Үшарал қаласы, педагог М.Мыңбайұлы атындағы орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қ. Имангалиев әділ төрелік етті.

Жастардың тәрбиесіне, тазалығына септігін тигізген байқау қорытындысы бойынша І орынды Айзере Омар, ІІ орынды Ардана Ардаққызы иеленсе, ІІІ орынды Айару Кемелбекова табан тіреді. Жеңімпаздар арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Алакөл ақпарат.**




# Өмірдің негізгі мәні - еңбек

**Өмірдің негізгі мәні — еңбек, ол адамның адамгершілік қасиеті мен мәртебесін арттыратыны сөзсіз.**

Өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады.

Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу — адамдықтың басты белгісі.

Неғұрлым адам өз еңбегінің қоғамдық маңызын терең түсінсе, соғұрлым оның жұмысы нәтижелі, еңбегі жемісті болады.

Адам өмірінде еңбек бақ береке, қанағат пен қуаныш әкеледі.

Дана халқымыз «Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, Тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек» - деп бекер айтпаған.

Бүгінде өзінің қалаған кәсібін ашып, табысқа жетіп, халыққа да, мемлекетке де пайдасын тигізіп жатқан азаматтардың қатары артып отырғаны – қуанарлық жайт. Бұл бағытта мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауларда аз емес. Атап айтсақ, кәсібін ашуды жоспарлаған азаматтарға қайтарымсыз грант жобалары, 2,5 пайыздық несие «Ауыл аманаты» бағдарламалары және бұдан басқа мемлекеттік бағдарламалар бар. Алайда аталған бағдарламаларға қатысушылардың қатары өте төмен.

Жалпы халықтың әлеуметтік жағдайы бойынша ақпараттарға сүйенсек халық санасына масылдық көңіл күй қалыптасқан. Бұл масылдық көңіл күй қоғамға қауіпті құбылыс. Атап айтқанда әрбір адам мемлекет маған не береді? деп күткеннен керісінше мемлекетке мен не беремін? деген ой қалыптасу керек. Сонда ғана біз қуатты мемлекетке айналамыз.

Өздеріңізге белгілі, елімізде жаңа саяси реформалар қабылданды. Еңбек етіп, зейнеткерлік жасқа толған азаматтар зейнет ақы алса, мүлдем зейнетақы жүрмеген азаматтар зейнеткерлік жасқа келгенде зейнетақы алаалмайтынын ескеру қажет. Қазақстанның әрбір азаматы қай салада еңбек етсе де, мемлекет үшін, мемлекеттің қазынасына салығын төлеп, зейнетақы аударымдары міндетті түрде болуы тиіс.

Осы тұста ата - бабамыз еңбектің маңызын жете сезініп, өмірден алынған талай қанатты сөздерімен ұрпақ тәрбиесіне арқау еткен.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы:

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар Ақылың мен қайратың екі жақтап...» – деген қанатты сөзі. Бүгінгі күнді болжап айтқан. Бұл жерде ақын өзінің күш-қайратың, ерен еңбегің және ақылың мен білімің қиындықтың қыспағынан алып шығатын бірден-бір жол екенін нұсқап тұр.

Қазір нағыз еңбек ететін заман келді. Бүгінгі таңда кәсіпкерлікпен айналысқан адамның бағы жанып тұр. Мал бағып, егін еккен жанның адал еңбегі өзін де, елін де асырайды.

Бізді басқа елмен салыстырудың қажеті жоқ. Басқа елмен салыстырғанша әрбір азамат адал еңбек етуі тиіс.

Еңбек ету үшін алдымен әрбір азамат жан жақты болуы қажет. Алдымен саналы ойлау, білімді, тәжірибелі, жауапты, ұқыпты және т.б. қабілеттер мен қасиеттер адам бойында болуы тиіс.

Еңбекке баулу тәрбиесі отбасында бастау алу қажет. Обасында баланың қабілетіне, деңгейіне қарап, мамандыққа жіберген дұрыс. Қоғамның ағымына қарай әрбір ата – ана баласын қатарынан қалмасын, жақсы қызметте істесін деп талпынып, жоғары оқу орнын оқытып, диплом алып береді. Алайда сол мамандықтарымен қызмет етіп жатқан жоқ. Сұранысқа қажет етпейтін мамандықтарды оқығанымен жергілікті жерлерде мамандыққа сәйкес жұмысқа орналасу қиындық тудыратыны анық. Сондықтан қоғамда сұранысқа қажетті мамандықтарды оқып, еліміздің даму жолында еңбек етуіміз қажет. Әрбір азамат қызметтің кез - келген саласының үздігі бола алады. Жұмыссыз жүрген азаматтар қоғамда масылдық көңіл күйге қалыптасып алады. Масылдық көңіл күй қоғамға жат.

Жоғарыда айтқандай, бақуат тұрмыстың кілті – еңбекте. Сондықтан біз, «Еңбек» бағдарламасында белгіленген тапсырмаларды тиісті деңгейде іске асырумыз қажет. Әрбір азамат жұмысты талғамай адал еңбек етуі тиіс. Сонда ғана «Жұмыла көтерген жүгіміз жеңіл» көздеген мақсатқа қол жетізіп, тәуелсіз жұртымыздың көші ілгері басатыны анық.

Қорытындылай келе, осы тұста «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, біз жалпы халық болып, қай салада болмасын, береке бірлікте еңбек етсек алар асуымыз алда деп ойлаймын.

**Б.АЙТАХМЕТОВ,**
**Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы.**

# Еңбек кодексінің талаптары

**Елімізде еңбек адамдарының құқықтық қорғалуы, олардың жұмыс берушіден тиісті мүмкіндіктерін толық алуын – Еңбек Кодексі қамтамасыз етеді.**

Елімізде еңбек құқығының бұзылуы туралы деректер бәрімізді ойландырады. Жағымсыз жағдайлар көбінесе кәсіпорындарда, құрылыс саласында болатыны белгілі.

Заңгерлер қызметкерлердің көбі еңбек келісімшартына мән бермей, өз құқықтарын біле бермейтінін алға тартады. Еңбек келісімшарты болмаған жағдайда екі тараптың жауапкершіліктерін айқындау қиынға соғатыны белгілі. Жазбаша келісімшарттың болмауы адамдарды іске немқұрайдылық танытуына әсер етуі мүмкін. Еңбек келісімшарты жазбаша жасалса, кез келген адам әр әрекетінің жауапкершілігін түсініп, оны орындамаған жағдайда заң алдында жауап беретінін түсінеді. Бір сөзбен айтқанда, келісімшарт – сіздің құқығыңызды қорғайтын кепіл.

Басшылық жалақыны кешіктірсе не істеу керек? Еңбек кодексінің 134-бабы «Жалақы төлеудің тәртібі мен мерзімдері» бойынша жалақы айына кемінде бір рет немесе келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей төленуге тиіс. Заң бойынша оның барлығы еңбек шартында немесе ұжым шартында көрсетіледі. Жұмыс беруші жалақыны кешіктірген жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 87-бабы «Еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарды бұзу» бойынша жаза қарастырылады.

Жұмыскерлер құқығы бұзылса, қай органға жүгінетінін білмей, бірден полицияны ойға алады. Әр өңірде еңбек инспекциясы деген мемлекеттік орган бар. Бұл мекеме Еңбек кодексінің, сонымен бірге «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Қызметкер «әділетсіз, еш себепсіз жұмыстан шығарып жатыр» немесе жоғарыда көрсетілген заңдарға сәйкес, құқығым бұзылды деп ойласа, өзі тұратын мекенжай бойынша еңбек инспекциясына арыз жазып, жүгінуіне болады. Онда арнайы мамандар түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мәселені шешуге көмектеседі. Еңбек инспекциясы толық тексеріс жұмысын жүргізеді.

Еңбек кодексінде, сондай-ақ, зейнет жасына жеткен қызметкерлермен еңбек шартын тоқтатуға жұмыс берушінің құқығы қарастырылған, тоқтату тәртібі анық регламенттелген. Сонымен бірге, зейнет жасына жеткен қызметкермен еңбек шартын жыл сайын ұзарту мүмкіндігі бекітілген. Бүгінгі күнде азаматтық қызметшілерден басқа зейнет жасына жету мемлекеттік қызметшілер мен арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қатысты еңбек қатынастарын тоқтату үшін негіз болып табылады. Өзгеше айтқанда, аталған негіздемені жаңалық деп атауға болмайды. Өйткені, экономикалық жағдайды жалпы қарастыра отырып, жастардың, оның ішінде дипломды мамандардың арасындағы жұмыссыздық туралы ұмытпау керек. Зейнет жасына жеткен кезде азаматқа мемлекеттік зейнетақы қамтамасыз етілуіне кепілдік беріледі, ал сол уақытта жас ұрпаққа ең аз табыс та жоқ болуы мүмкін. Еңбекақы төлеу мәселелерінде мемлекет бұрынғыдай айлық және сағаттық жалақының ең аз мөлшеріне, үстеме және түнгі уақыт жұмысына төлемді, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысы үшін төлемге кепілдік береді. Кодексте ұжымдық шартты жасасу бойынша заңнаманың талаптарын бұзғаны, еңбек шартынсыз тұлғаларды жұмысқа тарту, еңбекақы төлемі бойынша талаптарды бұзғаны үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейту ұсынылды. Жалпы алғанда, жаңа заң бірқатар мәселелердің құқықтық реттеуін жақсартады, бұрынғы еңбек заңнамасындағы кейбір кемшіліктерді жояды, жаңа құқықтық институттарды енгізеді және қызметкерлердің құқықтарын қорғау үшін құқықтық талаптар жиынын құрады. Бұл еңбек қатынастарының икемді реттеу тетіктерін кеңейтуге, кәсіпорындардың дамуына кедергі жасайтын шектеулер қатарын алып тастауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде инвестицияларды тарту және еңбек нарығы, кәсіпкерлікті дамытуда оң мүмкіндік береді.

**Алмас ДЮСЕМБЕКҰЛЫ,**
**Тоқжайлау ауылдық округінің әкімі.**

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуға қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да өмір сүруін жалғастыруда және тек ауқымында ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұлттық тәжірибе мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, қоғамның сұраныстары негізінде үнемі жетілдіріліп отырады. Мемлекет басшысының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына қол қоюы сыбайлас жемқорлықты жоюға жаңа серпін берді. Стратегиялық құжат сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, ол үшін жауапкершіліктің сөзсіз болуын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне бағытталған.

Негізгі жаңалықтардың бірі-негізсіз байыту үшін шенеуніктердің жауапкершілігін енгізу, яғни декларацияларды салыстыру нәтижелері бойынша шенеуніктің шығындары оның кірістеріне сәйкес келмеген жағдайда фискалдық және мансаптық Санкциялар пайда болады. Осы нормаларды енгізу мерзімі – 2025 жыл, яғни халықты жалпыға бірдей декларациялаумен толық көлемде қамтуды ескергенде.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесі күшейтілді. Жаңа заңнамалық нормалар олардың еңбек құқықтарын қорғау кепілдіктерін, сондай-ақ олар туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көрсеткен жәрдемі туралы құпия ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді.




Аталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негізгі буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ілеспе себептер мен жағдайларды анықтау және азайту болып айқындалды. Осылайша, мемлекеттік органда және жеке секторда сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау көзделген, ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық факторларын анықтауға және зерделеуге бағытталған.

Жоғарыда аталған Заңның талаптарына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Бұл жерде тәуекелдер мен бұзушылықтарды мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен басшыларының өздері анықтайтынын атап өту маңызды. Бұл мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидатын іс жүзінде енгізу болып табылады.

Жалпы, сыбайлас жемқорлықтан абсолютті бас тартуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбие және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру жолымен қол жеткізілетін болады.

**Қуаныш САҒЫМБАЕВ,**
**Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары.**

**Летний отдых детей**



# Наш любимый «Айголек»

**С первыми деньками солнечного лета начинается наш пришкольный летний лагерь «Айголек». Летний отдых - это большая возможность для творческого развития детей, обогащения духовного мира и интеллекта ребенка, радость общения, творческие открытия , оригинальные идеи. Его воспитательная ценность состоит в том, что она создает условия для педагогически целесообразного, эмоционально привлекательного досуга школьников, восстановления их здоровья , удовлетворения потребностей в новизне впечатлений, творческой самореализации, общении и самодеятельности в разнообразных формах, включая познание, труд,искусство, культуру, игру и другие сферы возможного самоопределения.**



Каждый год педагогами начальных классов нашей школы, разрабатывается программа дневного пребывания учащихся в летнем лагере. Учителя создают для детей атмосферу уюта, гармонии, красоты, чтобы заинтересовать и увлечь ребят. Дети принимают активное участие в проведении игровых программ, концертов. Успешное выступление ребят в мероприятиях, конкурсах, экскурсиях повысит их социальную и познавательную активность, которая должна со временем проявиться в течение учебного года в школьных делах. Дети станут дружным, сплоченным, творческим коллективом, ставящим перед собой новые цели.

При посещении местного краеведческого музея учащиеся знакомятся с культурой и историей родного края, каждый раз узнавая что то новое. Некоторые ребята приносят старинные вещи, внося свой вклад в историю своего села.

Очень много полезного и интересного дети узнают посещая медовый завод. Там они знакомятся не только с подготовкой меда на экспорт, но и изготовлением мыла из натуральных продуктов.



Походы и игры на свежем воздухе всегда остаются в центре внимания детей. Изучая окружающий мир они не только ближе знакомятся с природой, но и наслаждаются чистым хвойным воздухом, который так полезен для здоровья.

Летний пришкольный – прекрасное решение для отдыха, где дети общаются не только со своими одноклассниками, но и знакомятся с другими ребятами с других классов или с ребятами, приехавшими к нам из городов и сел области Жетісу.

**С. ДЖАНБАЕВА,**
**учитель начальных классов, Лепсинской СШ.**

# Главное - сохранить народное единство

***«…Колыбель мою качая, тихо-тихо пела мать.***
***Сказки бабушки я начал, подрастая, понимать.»***
***Г.Тукай***

У тюрков письмо появилась более чем две тысячи лет назад. Строго говоря это было не руническое письмо германцев и скандинавов, а буквенное. Некогда в науке было мнение, что тюркские руны взяты тюрками у согдийцев. Однако, когда в 1969-1970 годах был обнаружен археологом Кемелом Акишевым знаменитый «Золотой человек» из Иссыкского кургана, в его гробнице была обнаружена чаша с вырезанной по окружности горизонтальной надписью, состоящей из 26 знаков, напоминающих орхоно-енисейские. Это дало предположить лингвистам, что тюркское письмо существовало независимо от согдийской (арамейской) письменности, т.е. имеет независимое происхождение. Китайские летописцы в 3 веке до н.э. записали, что «народ кангюй пишет горизонтальной строкой», когда сами китайцы использовали вертикальное расположение знаков текста. В XIX веке у рек Орхон и Селенга были обнаружены самые знаменитые памятники древнетюркской письменности: это большая и малая надписи Кюль-Тегина и надпись Тоньюкука. Эти надписи VIII века представляют обращения авторов к тюркскому народу. В этих письмах народ хотят убедить как себя вести. Это убеждает нас в том, что сила слова у тюрков средневековья считалась реальной силой. А отсюда следует вывод, что тюркское общество было развито, существовало общественное мнение, культура была высокоразвитой. И в нашем регионе сохранились памятники культуры Великих Тюрков. Это Лепсинский Баба-тас каменная скульптура тюркского кагана из 7-8 веков. Во всем мире общее число носителей тюркских языков составляет до 150 миллионов человек. Тюркская семья входит в алтайскую языковую семью. Всего в мире не менее 35 живых тюркских языков. Все многообразие тюркских языков можно разделить на несколько групп:

1.Чувашско-булгарская группа, представленная ныне одним чувашским языком;

2.Якутская группа: якутский и долганский языки;

3.Южно-Сибирская группа: алтайский, хакасский, шорский, язык фуюйкских киргизов, чулымский, сарыг-югурский, тувинский, тофаларский языки;

4.Карлукская группа (юго-восточная): уйгурский, лобнорский, узбекский языки;

5.Кыпчакская группа (северо-западная): татарский, башкирский, казахский, киргизский,каракалпакский,кумыкский,карачаево-балкарский,ногайский,караимский языки;

6.Огузская группа (юго-западная): туркменский, саларский, хорасанский, турецкий и гагаузский языки;

7.Халаджская группа (тюрки Ирана и Афганистана)

К тюркским языкам относились также половецкий, печенежский и булгарский. Сведения о многих языках дошли до нас благодаря капитальному труду первого тюркского филолога Махмуда Кашгари, создавшего в 1074 году замечательный «Словарь тюркских языков» на арабском языке –«Диван-лугат-ат-тюрк»

С распространением ислама среди тюркских государств тюркская письменность где-то в 12 веке была вытеснена арабской графикой и утеряна. В Турецкой Республике, чтобы освободиться от влияния старого мира Мустафа Кемаль Ататюрк ввел латинский алфавит. Позже в СССР для тюркских народов в 1929 году также начали употреблять латинский шрифт, который официально использовался до 1939 года. С 1940 года литературные тюркские языки народов СССР, в том числе и казахский язык, перешли на кириллицу. В Лепсинске в это время действовала татарская начальная школа, обучение в которой происходило на основе латиницы, параллельно изучали русский язык на основе кириллицы.

Сейчас много внимания уделяются возрождению самобытности народов через легенды и сказания, которые сохранились в различных источниках. Одна из них связывает тюрков с гуннской державой, которая была практически полностью истреблена враждебными соседями. Уцелел лишь один девятилетний мальчик, которому враги отрубили руки и ноги, самого бросили в болото. Там от него понесла волчица. Мальчика потом все-таки убили, а волчица убежала на Алтай и там родила в пещере десять сыновей, среди них были Ашина и Тюрк. Согласно этой легенде, тюрки происходят от западных гуннов, но не напрямую, а мистически, через волчицу. Причем уцелели только четыре внука волчицы. Первый внук превратился в лебедя (белого гуся), второй поселился между реками Абакан и Енисей под именем Цигу, а третий и четвертый на реке Чуя в южном Алтае. Для всех тюрков того времени название «волк» имело огромное значение. Золотая волчья голова красовалась на тюркских знаменах. В середине XX века в Турции была образована организация Боз Курт –Серые Волки.

Есть легенды и об образовании казахского этноса, о появлении трех жузов. Как повествует легенда, «…первым ханом казахов был Алаша-хан, сын Кызыл Арслан-хана. Алаша родился пегим(пестрым). Байбише, которая заведовала младшей жене - токал, родившей наследника, посоветовала Арслан – хану избавиться от необычного мальчика. Хан решил выполнить желание байбише и отправил родившегося мальчика вместе матерью в Степь. Там изгнанников встретил Майкы-би. На своей двухколесной арбе Майкы-би привез их к своему народу и устроил большой той. Аксакалы дали мальчику имя Алаша и сотню своих джигитов во главе с Уйсыном и отправили его к берегам Сыр-Дарьи. Об этом узнал Арслан хан и, чтобы вернуть своего сына, отправил Болата с сотней джигитов. Через некоторое время Арслан-хан отправляют третью сотню во главе с Алшыном. Для переговоров отравились еще тринадцать уважаемых аксакалов. Так у горы Улытау собралось 313 человек, они посадили пегого юношу на алаша(казахский ковер),подняли его на вершину горы и провозгласили его Алаша- ханом. По решению курултая потомки первой сотни во главе с Уйсыном стали называются Старшим жузом. Этот жуз должен был снабжать государство продовольствием. Вторая сотня стала называться Средним жузом. Они должны находиться рядом с ханом и оберегать его от различных интриг и споров. И, наконец, те, кто пришел с Алшыном, стали называться Младшим жузом. Они первыми должны бросаться на врага. Объединяли эти жузы общий язык,вид хозяйствования и занимаемая территория. Кстати, духовной столицей всех тюркских народов с 2021 года считается присырдарьинский город Туркестан, столица Казахского ханства в средние века, а с 2022 года в Казахстане образована область Улытау.

В своем двадцать пятом слове великий Абай говорил: «... нужно обучать детей хорошо, но, чтобы они служили своему народу, надо учить их родному языку». И тогда, во времена Абая, и сейчас, для этого прилагаются большие усилия. Сейчас люди стараются дать образование своим детям на родном, английском, или русском языках. К сожалению, появляются «агенты влияния», которые могут разрушить культуру и экономику Казахстана. 11 июля 1997 года был принят закон №151-1 «О языках в Республике Казахстан», где казахскому языку придали статус государственного языка, обучают его начиная с детского садика до ВУЗов. Точные сведения об этом, наверное, дадут сведения, полученные во время переписи. Вспоминается «культурная революция», проводимая хунвейбинами (молодыми красногвардейцами) в 60-х годах в Китае. Эти группировки отличались крайним пренебрежением к традиционной культуре Китая, крайней жестокостью по отношению к людям и неуважением к правам личности. Хунвейбины громили и жгли храмы и монастыри, снесли даже часть Великой китайской стены, употребив вынутые из неё кирпичи на постройку хозяйственных построек.

Казахская пословица гласит: «Народ меняется в полвека». Народ меняется, но сохраняются его язык в пословицах, сказках и легендах, которые играют важную роль в воспитании подрастающего поколения. В этом направлении и надо действовать нашим воспитателям и учителям, издательствам, средствам массовой информации и различным электронным сайтам. И основной задачей таких структур нового Казахстана должно быть воспитание истинного патриота Республики Казахстан, действительно всесторонне образованного человека, владеющего 2-3 языками. Важно здесь то, что все родившиеся и живущие в Казахстане, получившие язык и воспитание от педагогов СССР, ни в чем не виноваты. Ведь государство должно обеспечивать языковые права всех своих граждан. Главное - сохранить народное единство, чтобы мы не перестали понимать друг друга.

**М. ХАЙБУЛИН,**
**сотрудник Лепсинского исторического музея.**

**Лудоманияның залалы ел жастарына тигелі қашан. Олардың алды қырықтан асып қалды. Қаланың әр түкпірінде жылт-жылт етіп тұратын букмекер орталықтарында спорт ойындарынан бастап, «ит-мысық» жарысына дейін бәс тігіп, бармағын тістегендері қанша. Жай ақшасынан айырылып қалғандарды айтпағанда, дүние-мүлкін түгел сатып, аш-жалаңаш зар еңірегендер де жетерлік. Өз-өзін жегідей жеп, психологиялық қысымға шыдай алмай, отбасынан айырылып, өзіне қол салғандары да болды. Көбіне кейін психологиялық көмек көрсетілсе, біразы арнайы орталықтарда емделді. Жап-жақсы жұмысын тәрк еткендер де жетерлік. Бұлардың бәрі дерлік нағыз тепсе темір үзетін шағында ұрынды. Ел үшін еңбек ететін жастарында бойындағы қуатын ойынға жұмсады. Енді не анда, не мұнда болмай, елге де, өзіне де пайдасы тимеді. Бұл лудомания зиянының бір парасы ғана. Шаңырағы шайқалып, балаларды тірі жетіп қалдырғандарды айтпай-ақ қойдық. Бұның зияны туралы айтылып та, жазылып та жатқалы қашан.**



# Құмар ойынның қармағына түскендер

Бір қызығы аты шулы әдебиетшілердің де ойынқұмарлыққа шалдыққанын білетін шығарсыз. Олардың ішіндегі құмарға құнныққаны Федор Достоевский болатын. Оның ойынға жақындығын «Қылмыс пен жазадан» білетін шығарсыздар. Өнердегі жағдайы өмірдегіден жақсырақ еді. Ф.Достоевский үнемі екі оттың ортасында жүретін. Ақшасынан айырылып, түгел ұтылып қалғанда, қаржы табуға тырысқанда жазуы мүлде жүрмей қоятын деседі. Ал қолы жүрмеген жазушы рулеткаға тайып тұрғысы келетін де тұратын. Кейін тіпті ол ұятты жағдайға қалып, жақын досы Полина Суслованың бүкіл ақшасын ойынға тігіп жіберген. Нәтижесінде Ф.Достоевский баспамен пайдасыз келісімге отырады. Егер ол бір айдың ішінде дайын кітап өткізбесе, баспа оның авторлық құқығын 9 жылға алып қоятын еді. Дегенмен жазушы бар күшін жинап, бір айда кітапты өткізеді. Осылайша «Ойыншы» («Игрок») кітабы жарық көреді.

Орыс поэзиясының жарық жұлдызы болған А.С.Пушкиннің де карта ойынына құмарлығы бар еді. Оның заманында ойнағандар көп болды, бірақ ақын секілді құмарлыққа салынып, көп ақша тіккендер сирек еді. Ол өзінің құмарлығын ақтап алу үшін «Ойнамай кеткенше, өлгенім жақсы!» дейтін. А.Пушкин тіпті «Евгений Онегиннің» шықпай қалған бөлімін ұтылып қалған, бірақ ақынның бақытына орай кешке дейін шығармасын қайта ұтып алған.

Лев Толстой да құмар ойынға жақын еді. Ол өте әділ ойнайтын деседі, қарызын да төлейтін. Бірақ карта ойнауын тоқтата алмайтын деседі. Дегенмен ол толық құрдымға ұшырай қоймаған. Себебі, біріншіден, ол Достоевскийге қарағанда дәулетті еді және бар жиғанын салып жібермейтін, екіншіден, оның әйелінің ықпалы басым болатын және ойыннан уақытында шығарып алатын, үшіншіден, ол жазу үстеліне отырғанда ойынға деген құмарлығы мазаламайтын. Бірде ол өзі туып-өскен аулдағы үйін ұтылып қалады да, жеңіске жеткендер оның бұзып алып, көрші аулаға тасып әкетеді. Ол өмір бойы соны қайта сатып алуды армандайды, дегенмен бұл қолынан келе қоймады.

Сондай-ақ жазушылардан И.Крылов, Н.Некрасов, В.Маяковскийлер де ойыннан кет әрі емес еді. Бұл дерт бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазір жалпыхалықтықтық сипат алып кетіп, жастарды құртып, шаңырағын шайқалтып жатыр. Осы тұрғыда пайда болған заң да осыған тұсау болады деген үміттеміз.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ойын бизнесі, лотерея қызметі және лудоманияға қатысты заң жобасына қол қойды.

Ақорданың ресми хабарламасында: «Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды», – деп жазылған.

Заң жобасына сүйексен, енді ел тұрғындарының ойынға тәуелділігін азайту үшін шектеуші және ынталандырушы нормалар енгізіледі. Оның ішінде жаңағы құмар ойын ойнауға тиым салынған адамдар санаты белгілі болды. Олардың қатарына Борышкерлердің бірыңғай тізімінде тұрған азаматтар да қосылған. Ол аз десеңіз жауапты мемлекеттік лауазымдағы, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген және оларға теңестірілген адамдар да құмар ойын ойнауға және бәс тігуге шектеу қойылды.

**А.ӘБИТҰЛЫ.**

# Билер, пара жемеңдер...



«Билер, пара жемеңдер,

Жанға бейнет кезбеңдер», – дейді Шортанбай ақын. Бұл атам заманнан парақорлыққа қарсы күресті көрсетсе керек. «Алаған қолым береген». Қазақ тауып айтқан дейміз-ау! Бірақ, сол «алу» мен «беруге» құмартқан халықтың болашағы не болмақ? Құдай қолдап, кішкентайлы боласыз делік. Перзентхананың есігін аша сала дәрігерлерге көк қағаздың құлағын көрсетуге тиіссіз. Балаңыз балабақшаға барса да, мектепте оқыса да, университетке түссе де, қала берді жұмысқа орналасса да, қызметінен жоғарыласа да пара беру – парызыңыз. Ол парызды қаза қылуға дәрменіңіз жоқ. Көшеде ала таяқ ұстаған жолсақшысының өзі ақшаның көлеңкесін көрсе болды, заңыңызды дәп бір өзініңіз жеті атасы жазғандай аттап өте барады. Беруші, қалтасының түбін қағушы – халық. Ал, алушы кім? Мемлекеттік қызметкер! Демек, біздің «алаған қолымыз береген» емес, «береген қолым береген»... болып барады.

**Пара һәм ашық сауда...**

Қазіргі қазақ қоғамына қарасаңыз дәп бір базарда жүргендей сезінесіз. Шынын айту керек, тәуелсіздік алғанға дейін «пара» деген аса бір жантүршіктіретін жаман сөз емес-тұғын. Жалпы түркі халықтарына ортақ бұл сөзге «ақша» ұғымы синоним бола алады. Бірақ, заман өзгерді. Заман өзгерген соң ұғым да басқа сипатқа ие болды. Кезінде қазақ болыс болып, шен алу үшін пара беруші еді... Енді, өмір сүру үшін пара ұсынатын індетке шалдықты. Дұрысы мемлекеттік органдардан өзіне қажетті ақпаратты алу, өзіне тиісті қызметті пайдалану үшін қаржы шығындауға міндетті. Бәлки, жабайы капитализмді кінәлармыз. Сол жабайы капитализм біздің мемлекеттік органдарды базарға айналдырып жіберді. Мемлекет әр баланы тегін оқытуға міндетті. Сөйте тұра ұстаздар қауымы пара дәметеді. Мемлекет бәрімізге тегін медициналық жәрдем көрсетуге тиісті. Сөйте тұра Гиппократтың шәкірттері қалта қалыңдатудың жолдарын тауып алған. Тіпті, қазір кез-келген мемқызметкер әр қой¬ған қолын, мемлекеттік сатып алуларды, шыққан шешімдерін сатудан арланбайды. Осындайда «парақорлық дегеніміз дәстүрге айналып бара жатқан жоқ па?» деген сұрақ көкейге келіп тіреледі.

**Парамен ұсталсаң, парамен құтыласың...**

Саясат деген «ағаш атты» ерттеп мінгендердің, яғни, мемлекеттік қызметкерлердің қолы мен ары қайткен күнде таза болмақ? Қайткен күнде мемлекеттік қызметкер еліміздің айнасына айналады. Дәл бүгінгі «беттүзер» айнамызға қарасаңыз, жаныңыз түршігеді. Мәселен, өткен жылы қаржы полициясы (сол кездегі) органдары айналдырған жарты жылдың ішінде 1800-ден астам сыбайлас жемқорлық қылмысын анықтапты. Аталмыш қылмыс өткен жылдармен салыстырғанда 2,2 пайызға артыпты-мыс. Солардың ішіндегі 1650 лауазымды тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты. Бұл ресми дерек. Ал, бейресми деректер не дейді?.. Оны екшеп жатқан ешкім жоқ. Бірақ, көп айтыла бермейтін «бір анық» бар. Пара алудың «акулалары» өзге теңізге еш бөгетсіз өтіп кетеді де, май табаға шабақтар шыжғырылады. Тіпті, шортандар парамен ұсталып, парамен құтылатыны жайлы да жиі естиміз. Мұндай фактілер көбейген сайын құзырлы органдардың тізгінін ұстаған шенділер мен шекпенділердің ар-ұятын оятып, мәдениетін қалыптастыруды жедел қолға алу керектігі байқалады.

**Қазанға қақпақ керек...**

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді». Шенділерді итке балаудан аулақпыз. Десе де, олар мемлекет қазанының қақпағын ұстап отырғандықтан, халық алдындағы бар жауапкершілікті сезінуі керек. Бізде осы жауапкершілік мәселесі кемшін түсіп отыр. Халықтың өз мемлекетіне, өз мемлекеттік қызметкеріне деген сеніміне селкеу түсірмеу үшін шенділерді тек қылмыстық жауапкершілікке тарту аз. Шынын айту керек, осыған дейін парамен ұсталған қаншама шенеунік істі болды. Десе де, қылмыстық жауапкершілік шенділерге түпкілікті сабақ бола алмады. Олар, керісінше, «екі қарап бір шоқитын» қарғаның сақтығын жасауды үйреніп алды. Сондықтан да, насихат жұмыстарын жандандыру мәселесін қолға алғанымыз жөн. Яғни, сыбайлас жемқорлықтың барар жері темір тор екенін түсіндіру арқылы тезге салғанымыз дұрыс.

**Қанат ӘБІЛҚАЙЫР,**
**жазушы, журналист.**

# Тіл мерейі – ел мерейі

**Тіл – әрбір ұлттың ұлт, елдің ел болып қалыптасуының негізгі факторы. Ешқашан ұмытылмайтын ерен ерліктің айғағы, ертеңгі күнімізді айқындаушы, яғни кешегіміз, бүгінгіміз, ертеңгіміз. Адамды жануарлардан ерекшелейтін және адам ететін ең бірінші Отанына, халқына және тіліне деген өшпес махаббаты.**

Әуелі, өзіміздің ана сүтімен бойымызға дарыған, ғасырлар бойы атадан мұра болып қалған құнды жәдігеріміз – қазақ тілі жайлы сөз ете кетейік. Қазақ тілі еліміз тәрізді еркіндікке ұмтылған тәуелсіз және өзіндік ерекшелігі бар тіл екені бәріне мәлім. Нұртас Оңдасынов: «Қазақ тілінің орамын, бұрамын тауып, орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, текемет оюға болады» дей кеткен екен. Айтқаны керемет-ақ екен, алайда сол орамы мен бұрамын іздеген жан бар ма екен? Шынымен пайдалана білсең, небір сиқыр жасауға болатын еді. Бірақ бұл кезде өз тілінен өзі ұялып, сөйлегісі келмейтін ақымақтар мен ойлағаннан да көп екен. Өкініші, себебі өз кезінде қазақ тілін олай да, бұлай да сайрата білген небір шешен адамдарымыз бар еді, сол кісілерден қалғаны осы ма? Осындай кезде К.Г.Паустовскийдің: «Өз тілін құрметтемейтін адам – жәндік» дейтін айтса ойып түсірер сөзі еріксіз ойға келеді. Мұндай ой қалыптасуына өмір сүріп жатқан қоғам әсер етпей қоймас. Қазақ тілін қалай болса солай қолдану, тілді бұрмалау, тіпті төл сөздерімізді білмей жататын жағдайлар орын алып жатады». Қазақ тілі мұншалықты жатық әрі анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе» дейді Ыбырай атамыз.Мұнда қаншалықты шындық жатқанын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Үш тіл бағдарламасы қоғамымыздың айтулы жобаларының біріне айналды. Үш тіл заман талабы деп айтатындар сияқты, бұл үш тілдікті керек санамайтындар да бар. Ал менің ойымша, «жеті жұрттың тілін біліп, жеті түрлі білім білу» артықтық етпес. Біздің мақсат – білімді ұрпақ тәрбиелеп шығару болса, неге басты үш тіл бағытын ұстанбасқа?! Бұдан бөлек халықтың ойлау қабілеті мен санамыздың жетілуіне үлкен әсерін тигізер еді деп ойлаймын. Жаңа өзгерістерден қашқақтамай, бәріне дайын болайық! Осыған байланысты дүние жүзінде ең көп сөйлеушілері бар тіл дейтін сауалға көп оқушылардың жауабы ағылшын тілі болған еді. Алайда ең көп сөйлеушілері бар тіл – қытай тілі екен. Қытай тілінде 844 миллион адам сөйлесе, ағылшын тілінде 434 миллион адам сөйлейді екен. Сонымен қатар қытай тілі қиын болса да, бұл тілді оқуға ынталылар көп екен. Ал қазақ тілінде сөйлеушілер саны 16197000 екен, әлі де үйренгісі келетіндер де қаншама. Ал кейбір мемлекеттерде тілге деген өзіндік ерекше заңдары бар екен. Мысалы, Германия елінің азаматтығын алу үшін ең алдымен неміс тілін қаншалықты жақсы білетінін тексеру мақсатында тест алады екен. Ол тест қиындығы біздің мектеп емтихандары тәрізді болады. Сонда ұлтың неміс бола тұрып, тесттан өте алмасаң, саған өз еліңнің азаматтығы берілмейді. Қаншалықты қатігез болса да, өз тілің мен еліңді бағалауға үйретеді.

Ойымды тұжырымдай келе, әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне дей отырып, әр ұлттың өз тіліне, жеріне және халқына деген ешқандай сезімге ұқсамайтын, жүрегіңді тебірентер бір ыстық махаббаты болады емес пе?Қазақ тілін білмейтіндерді үйренуге, білетіндерді сөйлеуге және де құрметтеуге шақырамын.Тіліміз болмаса біз ешкім емес екенімізді естен шығармайық.Біздің тәуелсіздігіміздің айғағы – тіл, қайда болсаң та бізді айқындап тұратын – тіл.Тіліміздің мәртебесі – еліміздің мәртебесі, ал тіл мәртебесі халықтың қолында.Тілді қаншалықты бағалап құрметтесек, соншалықты еліміздің еңсесі биік болады. «Тілмен мәңгі қазақтың қазақтығы, тілмен мәңгі қазақтың азаттығы» деп айтылған ұранды сөздермен сөзімді аяқтағым келеді.

**Аружан АККУЛОВА,**
**журналист.**




# Большой урон здоровью детей и молодежи

19 апреля 2024 года Касым-Жомарт Токаев подписал закон, который устанавливает запрет на продажу, распространение некурительных табачных изделий, вейпов, ароматизаторов и жидкостей для них, а также на их рекламу.

Таким образом Казахстан стал еще одной страной мира, запретившей электронные системы доставки никотина.

**Что такое вейпы?**

Электронные системы доставки никотина (ЭСДН, электронные сигареты, вейпы, от англ. vapor – "пар") – электронные ингаляционные устройства, нагревательный элемент которых превращает в аэрозоль специальную жидкость, содержащую никотин и ароматические добавки.

Массовое производство и продажа электронных сигарет в мире началась во второй половине 2000-х годов в ответ на ограничения на обычное курение в общественных местах. Реклама утверждает, что при употреблении вейпов в организм не попадают наиболее опасные и канцерогенные смолы, которые образуются в процессе сжигания бумаги в обычных сигаретах.

Вместе с тем при использовании никотинсодержащих электронных сигарет по-прежнему развивается никотиновая зависимость. Помимо этого, среди веществ, выделяемых в парах, часто присутствуют канцерогены или токсичные соединения, в том числе формальдегид, акролеин, ацетон.

В 2021 году данные об электронных системах доставки никотина впервые были включены в доклад ВОЗ "О глобальной табачной эпидемии". Сегодня более 40 стран (с охватом населения 2,5 млрд человек) запретили вейпы. Еще 79 стран (3,2 млрд человек) приняли ограничительные законодательные меры: запрет использования вейпов в закрытых общественных местах, в общественном транспорте, запрет рекламы.

**Чем опасны вейпы?**

По мнению казахстанских врачей никотин в виде жидких смесей гораздо более опасен, так как входит непосредственно в кровоток легких. Аэрозоль в вейпах, как правило, включает альдегиды, гликоли и прочие элементы, многие из которых являются токсичными. Они безусловно неблагоприятно влияют на развитие и деятельность мозга подростка, а также на сердечно-сосудистую систему. Кроме того, есть риски ухудшения слуха, зрения, функционирования щитовидной железы, болезней кожи и угнетения ЦНС.

"При этом ядовитые вещества опасны не только для самих вейперов, но и для окружающих, потому что 75-80% содержимого вейпов уходит в окружающую среду. И окружающие этим дышат. Если бы мы не ввели запрет на модные подростковые девайсы, мы бы уже через 10 лет получили поколение людей с больными легкими и поврежденными мозгами".

Как в Казахстане боролись с вейпами?

Впервые о запрете вейпов в Казахстане заговорили осенью 2021 года. Ряд депутатов мажилиса выступили с такой инициативой.

"Как получается, что тонны одноразовых вейпов, которые являются незаконными и не соответствуют никаким техническим регламентам, до сих пор регулярно попадают на отечественный рынок через таможню? Где компетентные органы, несущие за этот процесс прямую ответственность?".

Нужно отметить, что тогда эта инициатива не получила широкого одобрения.

В Мажилисе была создана межведомственная комиссия, члены которой почти единогласно проголосовали за введение полного запрета продажи, импорта, экспорта и производства вейпов.

"По данным Министерства финансов, за последние два года оборот вейпов вырос в 300 раз. Потребление вейпов детьми и подростками за несколько лет выросло в разы. За 2,5 года в нашу страну было ввезено порядка 3 млн штук вейпов".

Наконец, весной 2024 года на третьем Национальном курултае крайне негативно высказался о вейпах президент Касым-Жомарт Токаев. По его словам, вейпы наносят большой урон здоровью детей и молодежи, а значит – будущему нашей нации.

"Мы как прогрессивная нация должны искоренить эту архаичную привычку, которая негативно влияет не только на здоровье нации, но и на международный имидж нашей страны".

**Какое наказание грозит за ввоз и продажу вейпов?**

Отныне Уголовный кодекс РК дополнен статьями, предусматривающими наказание за продажу вейпов: "Оборот некурительных табачных изделий, электронных систем потребления (вейпов), ароматизаторов и жидкостей для них".

Так, продажа и распространение некурительных табачных изделий, электронных систем потребления (вейпов), ароматизаторов и жидкостей для них наказываются штрафом в размере до 200 МРП (738 400 тенге в 2024 году) либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до 200 часов, либо арестом на срок до 50 суток.

За ввоз, производство некурительных табачных изделий, электронных систем потребления (вейпов), ароматизаторов и жидкостей для них установлен штраф в размере до 2 тыс. МРП (7 384 000 тенге) либо исправительные работы в том же размере, либо привлечение к общественным работам на срок до 600 часов, либо ограничение свободы на срок до двух лет, либо лишение свободы на тот же срок с конфискацией имущества или без таковой.

При этом за указанные деяния, если они:

совершены преступной группой;

сопряжены с извлечением дохода в особо крупном размере;

совершены неоднократно,

предусмотрен штраф в размере до 5 тыс. МРП (18 460 000 тенге) либо исправительные работы в том же размере, либо привлечение к общественным работам на срок до 1200 часов, либо ограничение свободы на срок до пяти лет, либо лишение свободы на тот же срок с конфискацией имущества.

**Как отказ от вейпов повлияет на здоровье нации?**

Согласно проведенному в Казахстане еще в 2018 году исследованию ВОЗ, в котором участвует большая группа стран мира), 14% мальчиков и 6% девочек в возрасте старше 15 лет пробовали вейпы. В 2022 году количество вейпов увеличилось на 3,6%.

На сегодня в Казахстане темы о вреде вейпов и лудомании будут включены в школьную программу. Принципы здорового образа жизни будут прививать на уроках мироведения (1-4 классы) и естествознания (1-6 классы), о вреде курения и потребления наркотиков расскажут на биологии (7-9 классы). Здоровьесберегающую информацию дети получат от педагогов, медицинских работников и полицейских. Также к работе по борьбе с распространением электронных сигарет будут привлечены заинтересованные лица -предприниматели, общественные организации и правительственные учреждения.

На сегодняшний день помощь по отказу от курения и вейпинга население будет, получать в антитабачных кабинетах/центрах, которые повсеместно открываются на базе лечебно-профилактических учреждений (поликлиники, семейно-врачебной амбулатории, фельдшерского пункта и др.) в составе отделений профилактики и социально-психологической помощи, для оказания специализированной помощи лицам, желающим бросить курить, в работу АЦ вовлекаются и специалисты узкого профиля: невропатологи, наркологи, психологи, психотерапевты и др.

Необходимо понимать что «Безопасных форм курения» не существует, а отсутствие симптомов не означает, что нет пагубного воздействия на организм. Берегите свое здоровье, ведь это очень важно в дальнейшей жизни.

**Ш. АСИНА.**



# Адам құқығы - басты көрсеткіш

**Бүгінде саяси реформалар адам құқықтарын қорғауға, демократия өрісін кеңейтуге бағытталған. Әсіресе отандастарымыздың түйінді шешімдерді қабылдауға қатысуы, есеп беретін Үкімет пен ашықтық қағидаты, халықаралық міндеттемелерге сәйкес құқықтық жүйенің қалыптасуы – Әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды қадам.**

Әрине, мемлекеттегі жаңғыру үдерісі кезең-кезеңімен, біртіндеп жүзеге асырылатыны белгілі. Байқап қарасақ, елдегі ауқымды саяси өзгерістер осыдан екі жыл бұрын бастау алды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің басқару тетігін экономикадан біртіндеп саяси бағытқа икемдеді. Осы орайда негізгі реформаларды үшке жіктеп қарастыруға болады. Атап айтсақ, демократияға атсалысу, құқық қорғау тетіктері мен адам құқықтары және заң үстемдігі.

Адам құқықтарын қорғау институтын нығайту мақсатында 2022 жылы «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң қабылданды. Мемлекет басшысы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін, құзыретін және дербестік кепілдігін Конституциялық заң деңгейінде алғаш рет бекітіп берді. Ізінше 2023 жылы Президент Қазақстанның халықаралық стандарттарға толық сай келетін «Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қойды. Құжат есебінен атқарылуға тиіс нақты шаралар бек-ітіліп, адам және оның өмірі, бостандығы мен құқығы деген қағиданы берік ұстану қажеттігі айқындалды.

Бұған қоса Адам құқықтары және заң үстемдігі тетігі бойынша өлім жазасы жойылды және сотталғандардың денсаулығын сақтау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі азаматтық функция¬ларды Ішкі істер министр-лігінен алып, Денсаулық сақтау министр¬лігіне берді. Еліміз балалар мен мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ-ның факультативтік хаттамаларын ратификациялады.

Бүгінде тағайындалған Адам құқықтары, Бала құқықтары, Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары жөніндегі омбудсмендерге түсіп жатқан шағым-өтініштердің артуы – адам құқықтарын қорғау бағытындағы нақты қадамдардың анық нәтижесі.

Мәселен, былтыр Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, оның өкілдерінің атына, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталыққа 6 мыңға жуық шағым мен өтініш түскен. Көрсеткішті 2021 жылмен салыстырсақ, 3,1 есе, ал 2022 жылмен салыстырсақ, 1,5 есе көп. Оған қоса өңірлерде 2 405 жеке қабылдау өткізілген. Шағымдарды қарау нәтижесінде азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу үшін қабылдануға тиіс шаралар туралы 2023 жылы 705 ұсыныс жіберіліп, оның 585-і қолдау тапқан.

Елімізде адам құқықтарын қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – Ұлттық алдын алу тетігі. Бұл ретте азаптағаны үшін қылмыстық жауапкершілік қатаңдатылып, азаптауларға қарсы күрестің ұлттық превентивті механизмі күшейтілді. Азаптауларға және қатыгез іс-әрекеттерге қатысты заңнамалық анықтама енгізілді. Бүгінде Ұлттық алдын алу тетігі құрамында 146 мүше бар. Олар – құқық қорғаушылар, дәрігерлер, мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері. Олардың миссиясы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, Уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесінің және ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының өзара іс-қимылын білдіретін «Омбудсмен+» қағидатына негізделген.

Сондай-ақ жабық мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау үшін бірқатар іс-шара қолға алынды. Былтыр мекемелерге 461 рет мониторинг жүргізіліп, нәтижесінде мемлекеттік органдардың 188 қызметкері тәртіптік жауапкершілік арқалаған. Ал азаптау және басқа да қатыгез, ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жаза түрлері туралы 160 өтініш қаралыпты.

Адам құқықтары және заң үстемдігі тетігіндегі маңыздысы – тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік едәуір күшейтіліп, мұндай жағдайларда тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі заң жүзінде алынып тасталды. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда азаматтар үйде де, түзде де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс екеніне баса назар аударды.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия да – қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс. Ашығын айтсақ, қоғамда қатыгездік күшейіп барады. Біреуге тіл тигізіп, ар-намысын таптап, тіпті ұрып-соғуға дайын тұратындар аз емес. Жедел жәрдем және қоғамдық көлік жүргізушілеріне шабуыл жасалғанын білесіздер. Адамға әлімжеттік көрсету, қор¬лау дұрыс емес. Мұндай теріс әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. «Ауруын жасырған өледі». Сондықтан біз осы қоғамдық дертті жасырмай, ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз үйде де, түз¬де де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіз ортада өмір сүруі керек. Заң мен тәртіп қатаң сақталуға тиіс, яғни қоғамда Заң үстемдігі болуы қажет», деді Президент.

Айта кетерлігі, еліміздің адам құқықтарын қорғаудағы жетістіктері Женевада жоғары бағаланды. Бұл туралы таяуда Женевадағы БҰҰ жанындағы ҚР Тұрақты өкілі Ерлан Әлімбаевтың БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Фолькер Тюркпен кездесу барысында айтылды.

Жүздесуде Ерлан Әлімбаев тұрмыстық зорлық-зомбылықты криминализациялау деп аталып кеткен әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгілейтін БАҚ мәселелері бойынша елімізде қабылданған заңдарға тоқталды. Тараптар Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 56-сессиясы барысында жаһандық құқық қорғау алаңында алғаш рет ұсынылған Қазақстанның тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі бірлескен мәлімдемесін талқылады. Құжат БҰҰ-ға мүше 62 мемлекеттен қолдау тапты.

Жоғарғы комиссар Фолькер Тюрк еліміздің адам құқықтары мәселелерін ілгерілету бойынша күш-жігерін, сондай-ақ Адам құқық¬тары жөніндегі кеңестің жұмысына қосқан үлесін құптады.

«Әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы прогрессивті заңды толық және тиімді жүзеге асырудың маңызы ерекше. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі кеңесі (БҰҰ АҚК) Бас Ассамблеяның 2006 жылғы 15 наурыздағы 60/251 резолюциясына сәйкес құрылып, бүкіл әлемдегі адам құқықтарын жалпыға бірдей құрметтеуге және қорғауға, адам құқықтарының бұзылуына байланысты жағдайларды қарауға, сондай-ақ тиісті ұсыныстар дайындауға жауапты БҰҰ жүйесінің үкіметаралық органы болып табылады. БҰҰ АҚК оның алдында жұмыс істеген БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссиясын алмастырды. Кеңес құрамына 47 мүше мемлекет кіреді, олар тікелей жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен үш жылға сайланады», деді ол.

Сонымен қатар Сенат маусымда адам саудасы құрбандарының құқығын қорғау тиімділігін арттыратын «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заңды мақұлдады. Бұл «Адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы» Жарлықта көзделген Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруға бағытталған. Негізгі мақсат – адам, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу және жолын кесу жөніндегі заңнаманы жетілдіру. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев заңның маңыздылығы мен прогрессивтілігіне тоқталды.

«Омбудсмен ретінде мен Қазақстанның адам саудасынан азат болуға ұмтылысын растайтын және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бейілділігін көрсететін осы заңның маңыздылығы мен прогрес-сивтілігін атап өткім келеді. Осы қылмыстың жиі құрбаны болып қалатын кәмелетке толмағандардың Заңда көзделген құқықтарын қорғау ерекше маңызға ие, бұл еліміздің халық¬аралық міндеттемелеріне толық сәйкес келеді. Бұл заң қылмыс үшін жауапкершілікті арттырып қана қоймай, жәбірленушілерді қорғау шараларын енгізетін, осы қылмыспен күрестің маңызды аспектісі болып есептеледі. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы және Қазақстан ратификациялаған адам, әсіресе әйелдер мен балалардың саудасының алдын алу және жолын кесу туралы Палермо хаттамасы кез келген мақсатта және кез келген нысанда балаларды ұрлаудың, бала саудасының немесе олардың контрабандасының алдын алу үшін ұлттық, екіжақты және көпжақты деңгейлерде қажетті шараларды қабылдауға міндеттейді», деді Артур Ластаев.

Жалпы, адам саудасы – құрбандар үшін қайтымсыз зардаптарға, соның ішінде психологиялық және физикалық азапқа әкелетін кең таралған қылмыстың түрі. Кей мәліметтерге арқа сүйесек, халықаралық тәжірибеде дүние жүзінде есірткі және контрафактілік өнімдерден кейінгі үшінші орында тұр.

Әділетті Қазақстан құру жолында саяси жүйені жаңғыртудан бастап азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолға алған батыл бастамаларының бір парасы ғана. Десек те мұның бәрі ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда айрықша маңызды.

**Зейін ЕРҒАЛИ,**
**журналист.**

# Опасный враг для леса – это пожар



Лес - наиболее привлекательное и самое распространенное место для отдыха. Это зеленое «одеяние» земли и наше самое большое богатство. Самым грозным врагом леса всегда был огонь. В настоящее время в большинстве случаев в возникновении возгораний виноват сам человек. Но выполняя несложные правила пожарной безопасности в лесах, можно сохранить природу и не допустить масштабного бедствия.

Однако придя в лес, люди не всегда правильно себя здесь ведут: не убирают мусор, но и самое страшное – разводят костры в пожароопасный период. А ведь более 90% лесных пожаров происходит вблизи населенных пунктов, дорог и мест производства различных работ в лесу. В большинстве случаев пожары происходят по вине человека.

Чтобы избежать возгорания в лесу и не допустить гибели деревьев, отправляясь на природу необходимо соблюдать осторожность и быть очень аккуратным. Вс предельно просто как для понимания, так и для выполнения.

Нельзя разводить костр ближе, чем 4 — 6 метров от деревьев, возле пней или корней. Над костром не должны нависать ветви деревьев. Не располагайте бивак в хвойных молодняках, на участках с сухим камышом, мхом, травой и на старых вырубках. Ни в коем случае нельзя устраивать костра на торфяниках. При уходе рекомендуется место костра после заливания водой забросать влажным грунтом и притоптать. Даже если вы утром костр не разводили, с вечера могли остаться слабо тлеющие угли, и достаточно ветра, чтобы снова появились опасные язычки пламени.

После ухода место, где размещался бивак, должно быть чистым.

Лесные пожары оставляют после себя опустошенную на долгое время территорию. А начинаются они подчас из-за недооценки опасности огня и нарушения правил поведения в лесу. Оброненный окурок, брошенная после пикника стеклянная посуда и непотушенное кострище — все это потенциальные источники пожара.

Мы призываем каждого проявлять уважение к природе и соблюдать осторожность при обращении с огнем, ведь халатность может закончиться трагедией! Одна искра может привести к бедствию. Прекрасные леса украшают территорию нашего края. Поэтому будьте бдительны, не подвергайте опасности себя, своих близких и лесные просторы родного края!

**Р. АЛЛАЯРОВ,**
**начальник ЛПС**
**Лепсинского филиала РГУ**
**«Жонгар – Алатауский» ГНПП.**

ЕНПФ
Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

# По реализации программы «Национальный фонд - детям»

По состоянию на 1 июля 2024 года в рамках программы «Нацфонд - детям» АО «ЕНПФ» исполнено (переведено уполномоченным операторам для зачисления на банковские счета заявителей) 12 921 заявление на общую сумму порядка 1,3 млн долларов США, из которых в целях улучшения жилищных условий исполнено 6 842 заявления на сумму около 686 тыс. долларов США, для оплаты образования – 6 079 заявлений на сумму около 610 тыс. долларов США. При этом получатель целевых накоплений вправе использовать как всю полагающуюся ему сумму, так и ее часть, остаток неиспользованной суммы остается на целевом накопительном счете (ЦНС).

Напомним, что согласно программе 50% инвестиционного дохода Национального фонда Республики Казахстан раз в год распределяется между детьми-гражданами Республики Казахстан, которые родились в 2006 году и позднее. В феврале 2024 года по итогам 2023 года в ЕНПФ всем детям были начислены первые целевые требования, а гражданам, достигшим в 2024 году 18 лет, начислены целевые накопления на ЦНС и стали осуществляться выплаты.

Средства на ЦНС предназначены для использования в целях улучшения жилищных условий и оплаты образования через уполномоченных операторов, ров, заключивших соответствующие соглашения с ЕНПФ, и хранятся в долларах США. После достижения совершеннолетия получатели целевых накоплений могут их использовать на указанные цели.

Уполномоченными операторами по использованию целевых накоплений на жилье являются АО "Жилищный строительный сберегательный банк "Отбасы банк", на образование - АО "Жилищный строительный сберегательный банк "Отбасы банк" и АО "Народный банк Казахстана".

Улучшение жилья

Активнее всех использовали средства для улучшения жилищных условий жители г. Шымкент (исполнено 1034 заявления на сумму более 103,8 тыс. долларов США), на втором месте – жители Кызылординской области (исполнено 832 заявления на сумму более 83,6 тыс. долларов США), на третьем месте – жители Восточно-Казахстанской области (исполнено 466 заявлений на сумму более 46,8 тыс. долларов США.

Самыми популярными субцелями использования средств на улучшение жилья стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 6582 заявления на сумму около 660 тыс. долларов США), приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) – 83 заявления на сумму около 8,3 тыс. долларов США, внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища – 73 заявления на сумму более 7,3 тыс. долларов США.

Оплата образования

В целях оплаты образования исполнено самое большое количество заявлений от жителей г. Шымкент (958 заявлений на сумму около 96,2 тыс. долларов США), на втором месте – от жителей области Жетісу (исполнено 621 заявление на сумму около 62,2 тыс. долларов США), на третьем месте – от жителей Жамбылской области (исполнено 603 заявления на сумму порядка 60,4 тыс. долларов США).

При этом самыми популярными субцелями по данному направлению стали: оплата образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения) (исполнено 4 986 заявлений на сумму более 500,1 тыс. долларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 805 заявлений на сумму около 80,8 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения) (исполнено 208 заявлений на сумму более 20,8 тыс. долларов США).

Ежегодно сумма будет приумножаться за счет роста Нацфонда и получения инвестиционного дохода. Кроме того, начисленные средства продолжат инвестироваться в составе активов Нацфонда и приносить детям - участникам программы дополнительный инвестиционный доход до достижения ими 18 лет.

Напомним, что общее количество участников программы на 01.01.2024 г. - 6 919 131 ребенок (дети - рожденные с 01.01.2006 г. по 31.12.2023 г. включительно). Из них 304 815 участникам в 2024 году исполняется 18 лет (дети - рожденные с 01.01.2006 г. по 31.12.2006 г. включительно). Всем им начислена одинаковая сумма целевых требований в размере 100 долларов 52 центов США.

Информацию о включении ребенка в список участников целевых требований родители или другие законные представители несовершеннолетнего лица могут проверить на сайте kids.enpf.kz по ИИН ребенка, где можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы. Подробная инструкция о том, как это сделать, размещена на YouTube-канале БЖЗҚЕНПФ.

Также данные о начислениях каждому ребенку родители могут проверить в личном кабинете на портале egov.kz.

Казахстанцы, которым в 2024 исполняется 18 лет, могут самостоятельно проверить поступление средств на ЦНС посредством личного кабинета на интернет-ресурсе ЕНПФ и (или) веб-портале «электронного правительства».

Статистические отчеты по начислениям в разрезе возрастов, регионов республики размещаются на сайте enpf.kz.

С подробной информацией о выплатах целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

**Пресс - центр АО «ЕНПФ».**

# Арқарлы ауылдық округі әкіміне үміткерлер

## Коныров Ержан Талгатович

### Өмірбаян



**Коныров Ержан 1990 жылы 30 наурызда Алматы облысы Алакөл ауданы Арқарлы ауылында дүниеге келді.**

**1996 жылы 1 қыркүйекте Арқарлы орта мектебіне 1 сыныпқа қабылданып, аталған мектепті 2007 жылы аяқтады.**

**2007 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік педагогикалық университетіне оқуға түсіп, 2011 жылы тәмамдады.**

**2 баласы бар.**

**2014 жылы 3 қарашасында «Арқарлы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің іс қағаздарын жүргізу жөніндегі бас маманы қызметкері болып орналасты. Қазіргі уақытқа дейін сол мекемеде қызмет атқаруда.**

### Бағдарламасы

Әкім болу – бұл тек қызметтік белестің бір биігі емес, қалың бұқарамен тығыз жұмыс пен қарымды қызметтің, ел мүддесі үшін атқарылар еңбектің бастауы деп білемін. Ауыл тұрғындарының көкейіндегі мәселелерді бүкпесіз көтеріп, дұрыс жолға қойып, шешімін табу. Осы ретте Арқарлы ауылдық округіндегі сайлаушылардың сенімі мен дауысына ие болсам, алдағы уақытта жүзеге асыру үшін төмендегідей бағдарламамды ұсынамын.

- Тірлігі құтты, бірлігі мықты округіміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына, қарқынын арттыруға барымды саламын;

- Болашақ кілтін уыстарында ұстаған жастармен жұмысты жандандырып, олардың өзіндік пікірлері мен пайымдарын білдірулеріне, жұмыспен қамтуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуына септесемін;

- Білім беру саласына баса назар аударып, кемел келешектің кепілі саналар өскелең ұрпақтың тәлімі мен тәрбиесінің тиісті арнамен қозғалып, қарқынын арттыруына ықпалдасамын;

- Салауатты өмір салтын насихаттау және өңір халқының спортқа деген құлшынысын оята отырып, ауылдағы спорт үйірмелерін жандандырамын;

- Округте ауыл шаруашылығын өркендету, мал шаруашылығын асылдандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиісті жүзеге асырамын;

- Басты байлық – халық денсаулығы. Осы тұрғыда округ тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау, ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту жолдарын іздестіремін;

- Жергілікті жердегі қоғамдық кеңеспен бірлесе отырып жұмыс жасаймын. Атап айтқанда: ауылдық округке мемлекет тарапынан бөлінген бюджет қаражатын көзделген мақсаттарға және толық игерілуіне бақылау жасау, арнайы есеп шотқа түсетін түсімдердің көлемін ұлғайту. Округ бойынша салық түсімдерінің белгіленген жоспар бойынша орындалуын қамтамасыз ету.

- Ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларының жүріп-тұруына, автокөлік қозғалысына ыңғайлы жағдай туғызу мақсатында ауыл ішіндегі көшелерге орта жөндеу жұмыстарын жүргізу, жергілікті маңызы бар жолдардың күтіп ұсталуына мән беремін;

- Округ тұрғындарымен тұрақты байланыста болып, олардың талап-тілектерінің, өтініштерінің шешімін табуына күш саламын;

- Облыстық маңызы бар Үшарал-Арқарлы тас жолына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін аудан әкіміне ұсыныс енгізе отырып, қаражат бөлінуіне ықпал етемін;

- Егін шаруашылығы, соның ішінде бау-бақшаны дамыту мақсатында Ащылыөзек каналына тазалау жұмыстарын жүргізіп, ауылға арық суын жеткізуге септесемін;

- Діттеген мақсатты іске асыру үшін атқарушы биліктің, барлық тұрғындардың күш-жігерін біріктіріп, береке-бірлікте ғұмыр кешуге барымды саламын.

## Умирбеков Руслан Әлімғазыұлы

### Өмірбаян



**Умирбеков Руслан Әлімғазыұлы 1990 жылы 29 қыркүйекте Алакөл ауданы Еңбекші ауылында дүниеге келді.**

**2008 жылы 11 сыныпты Еңбекші орта мекетебінде бітірді.**

**2008-2010 жылы Алматы қаласында Алматы экономикалық колледжінде қаржы және қаржы құқығы мамандығын оқып шықты.**

**2014-2016 жылы Алматы қаласы Алматы технологиялық университетін қаржы мамандығы бойынша бітірді.**

**2010-2011 жылы Шымкент қаласында 6506 әскери бөлімінде қатардағы жауынгер міндетін және Отан алдындағы борышын атқарды.**

**2014 жылы Еңбекші ауылдық округі әкімінің аппаратында денешынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер нұсқаушысы болып істеді.**

**2018 жылдың 14 қарашасынан бастап Еңбекші ауылдық округі әкімі аппаратында іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі бас маман лауазымын атқарып келеді.**

### Бағдарламасы

Арқарлы ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде жалпы округтің әлеуметтік - экономикалық жағдайын көтеру мақсатында, қоғаммен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру екенін сезіне отырып Қ.Р жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырнамасын орындау мақсатында төмендегідей бағдарламамды ұсынамын:

1. Мемлекет басшысының саясатын жүзеге асыра отырып Арқарлы ауылдық округінің әлеуметтік – экономикалық жағдайын көтеру, әрбір жанұяның мұң-мұқтажы мен ұсыныстарына әр уақытта мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін

2.Басты байлық-халық денсаулығы, осы тұрғыда округ тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау, олардың денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейтемін.

3. Адамның басты капиталы – білім. Осы тұрғыда округтегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасаймын.

4. Округ тұрғындарын рухани қолдау бағытында ауылдық мәдениет үйі жұмыстарының жандануын назарда ұстай отырып, тиісінше қолдау көрсетемін.

5. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасаймын.

6. Округтің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасаймын.

7. Болашақ жас ұрпақтың еншісінде. Демек, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына жағдай жасаймын. Жастардың ауылда тұрақтауына жағдай жасаймын.

8. Ауылдық округтың даму жоспарына сай тұрғын үйлер мен ауылдың инфрақұрылымын қалыптастыру, ауыл көшелерін жарықтануына, асфальттануына ықпал ету.

9. Округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастырамын.

10.Жұмыссыздықпен күресу мәселелерін шешу, қайта оқытуға

жағдай жасау, одан әрі жұмысқа орналасуға көмек көрсету;

## Жарахмет Тимур Шыңғысханұлы

### Өмірбаян



**Жарахмет Тимур Шыңғысханұлы 1990 жылы 01 желтоқсанда Алакөл ауданы Екпінді ауылында дүниеге келді.**

**2006 жылы 9 сыныпты Екпінді орта мекетебінен бітірді.**

**2006-2010 жылы Талдықорған қаласында Талдықорған политехникалық колледжіне қабылданып программист мамандығын оқып шықты.**

**2010-2011 жылы Алматы қаласы Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясының колледжіне оқуға түсіп, құқықтану мамандығы бойынша бітірді.**

**2010- 2012 жылдары Байзерек орталау мектебіне педагог –ұйымдастырушы, құқықтану пәнінің мұғалімі болды.**

**2011-2016 жылы Алматы қаласындағы Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясын оқып, құқық бакалавры мамандығын алды.**

**2012-2013 жылдары Екпінді ауылдық округі әкімі аппаратының компьютерлік бағдарламалар операторы.**

**2015-2018 жылдар аралығында Қапшағай қаласына қарасты Шеңгелді кентінде 86621 әскери бөлімде келісім шарт бойынша әскери қызметін атқарды.**

**2018-2019 жылдары Екпінді ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскері.**

**2019 жылы Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының тұрғын үй – коммуналды шаруашылық жөніндегі жетекші маман міндетін уақытша атқарушы.**

**2019-2022 Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық жөніндегі жетекші маман.**

**2022 жылдың 07 қыркүйегінен бастап Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратында іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі бас маман лауазымын атқарып келеді.**

### Бағдарламасы

Арқарлы ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде жалпы округтің әлеуметтік - экономикалық жағдайын көтеру мақсатында, қоғаммен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру екенін сезіне отырып Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырнамасын орындау мақсатында төмендегідей бағдарламамды ұсынамын:

- Округ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайының көтерілуін назарда ұстаймын;

- Округте абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жандандырып, ішкі жолдарын жөндеу мен көшелерді жарықтандырамын;

- Ауыл шаруышылығын дамыту, соның ішінде асыл тұқымды мал басын көбейту мен егін шаруашылығын өркендетуге жұмыс жасаймын.

- Еңбекші ауылын көркейту және халықтың хал-ахуалын оңалту мақсатында барынша инвестиция тартамын;

- Ауыл жастарымен жұмысты жандандырып, олардың өңірімізге қатысты саяси, экономикалық сонымен қатар өзге де маңызды шаруларына араласып, өзіндік пікірлері мен пайымдарын білдірулеріне, оларды жұмыспен қамтуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуын іске асырамын.

- Білім беру саласына баса назар аударып, кемел келешектің кепілі саналар өскелең ұрпақтың тәлімі мен тәрбиесінің тиісті арнамен қозғалып, қарқынын арттыруына ықпалдасуға, сол шәкірттерді шың басына қарай сүйреп келе жатқан ұстаздарға мемлекет тарапынан берілер жеңілдіктер мен көмектердің толықтай көрсетілуіне атсалысамын.

- Жұмыссыздықпен күресу мәселелерін шешу, қайта оқытуға

жағдай жасау, одан әрі жұмысқа орналасуға көмек көрсету;

- Салауатты өмір салтын насихаттау және ауыл халқының спортқа деген құлшынысын оята отырып, округтегі спорт үйірмелерінің жандануына, спорт алаңдары мен залдарының тиісті қызмет көрсетуін қадағалаймын.

- Айбынды Ата заңымызбен бекітілген «Халық – мемлекеттің басты байлығы» тұжырымдамасын ескере отырып, жұрттың денсаулығына баса назар аударып, сапалы медициналық қызмет пен қолжетімділікті қамтамасыз етемін;

- «Ауылым – алтын бесігім» демекші барлығымыздың тамырымыз тарап ауылдың көркеюіне, ырыс-ынтымағы ұйыған қазақы тірліктің орталығы болған бұл жерлердегі инфрақұрылымның дамуына, жұмыссыздық азаюына жұмыс жасаймын;

- Мемлекет экономикасының тіреуі болып отырған шағын және орта кәсіпкерліктің қанат жаюына, жеке бизнес субъектілеріне көрсетілер көмек пен жеңілдіктердің толыққанды жүзеге асуына және түрлі бағдарламалардың халық мүддесіне қарай қызмет етуіне ықпалдасуға барымды саламын.




# Жастар күнін кең ауқымда тойлау жоспарлануда

**12 тамыз Халықаралық жастар күнін кең ауқымды мерекелеу жоспарлануда. Жетісу облысының жастары үшін 3-12 тамыз күндері аралығында онкүндік мерекелік тұжырымдама ұйымдастырылмақ. Мақсатты аудитория 14-35 жас аралығындағы жастар, оның ішінде мектеп оқушылары, ЖОО мен колледж студенттері, жұмысшы, жұмыссыз, өзін-өзі қамтыған, neet санатындағы және тағы басқа жастар. Осындай ақпаратпен Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз-мәслихатында «Jetisy Jastary» КММ директоры Еркебұлан Ақболатов бөлісті.**

«Шараның негізгі мақсаты – жастарды қоғамдық-саяси, мәдени және спорттық іс-шараларға тарту, оларды әлеуметтендіру, шығармашыл жастарға қолдау көрсету, облыстың дамуына елеулі үлес қосып жүрген белсенді жастармен волонтерлерді ынталандыру, марапаттау, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, зияткерлік қабілеттерін арттыру, потенциалын ашу, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу және өзекті проблемаларды анықтау, шешу жолдарын әзірлеу. Өзін-өзі басқару органдарын дамыту және өзекті проблемаларды анықтау», - деп түсіндірді Еркебұлан Ешмұхамбетұлы.

Онкүндіктің аясында облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жалпы саны 21 шара ұйымдастырылады. Ал аудан, қалалық деңгейде 100-ден астам іс-шара өткізіледі.

Жастардың зияткерлік қабілеттерін арттыру мақсатында 3-5 тамыз аралығында республикалық пікір сайыс, интеллектуалды ойын, облыстық шахмат турнирі, Халықаралық «Жетісу жауһарлары» волонтерлік экспедициясы, нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «Антиграффити» акциясы және облыстық жастар арасындағы әскери - патриоттық ойыны өтеді.

6-8 тамыз күндері жастар арасындағы шағын футболдан облыстық турнир, облыстық «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыстау, сондай-ақ «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпаздарын марапаттау кеші, «Мейірімді Жетісу» фронт-офисінің 8 бағыт бойынша іс-шаралары ұйымдастырылады.

9-10 тамызда Жетісу облысы әкімінің кубогі үшін республикалық Жайдарман ойыны, облыстық «Жүректен жүрекке» ерекше қажеттілігі бір жастар арасындағы шығармашылық байқауы, «Dream city» жастар фестивалі болады.

11-12 тамыз республикалық «Шаған тау» тау жарысы, «Көшбасшы-2024» облыс әкімінің жастар сыйлығын табыстау рәсімі, сондай-ақ, жұмыссыз жастар үшін «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесін» өткізу жоспарлануда.

**Алакөл ақпарат.**

# Жаңа жоба жүзеге асырылады

**Жетісу облысының тұрғындарын қоғамдық бақылау саласындағы құқықтық сауаттылықтарын арттыру үшін жаңа жоба жүзеге асырылмақ. Басты мақсат - халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және оларда қоғамдық бақылау саласында дағдыларды қалыптастыру бойынша оқыту іс шараларын өткізу. Бұл туралы Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен БАҚ өкілдерімен кездесуде Жетісу облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Ерғазы Қошанбеков, жоба жетекшісі Бақыт Қалиева және «BasQaru» қоғамдық қорының жетекшісі Марғұлан Ермағанбетұлы айтып берді.**




«Бұл жоба ҚР Қоғам бақылау туралы Заңын басшылыққа ала отырып, қоғамды ақпараттандыру үшін жасалып отыр. Оған 18 жастан бастап кез келген жастағы азаматтар қатыса алады. Бақ сынау үшін өңірдің 8 аудан, 2 қаласының тұрғандары өтінім бере алады. Жоба аясында 10 шағын грант беріледі. Әр гранттың құны – 300 000 теңге. Шағын грант аясында қоғамдық бақылауға байланысты әрбір аудан, қалада 2-3 іс-шара ұйымдастырылады. Қоғамдық бақылау топтары құрылады. Өзін-өзі басқару жүйесі жанданады. Кездесу семинарларына арнайы спикерлер тартылады және сұрақтарға жауап беріледі. Жоба соңында облыстық деңгейде қорытынды семинар ұйымдастырылады», - дейді спикерлер.

Нәтижесінде облыс бойынша кемінде 1000 тұрғын арасында қоғамдық бақылау саласындағы құқықтық сауаттылықты арттыру күтілуде.

Одан бөлек, облыста мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға арналған әлеуметтік жоба жайлы да сөз болды. Оның аясында көрсетілетін қызметті алушыларға сауалнама жүргізіледі және қызметтердің сапасын бағалау үшін «құпия сатып алушы» әдістемесі бойынша Жетісу облысының мемлекеттік органдарына барады. Сондай-ақ, аудандардағы проблемалық қызметтер бойынша сұхбаттар ұйымдастырылмақ.

**Алакөл ақпарат.**



# «Мемлекеттік статистика туралы» Заңға өзгерістер енгізілді

**«Мемлекеттік статистика туралы» Заңға өзгерістер енгізілді. Енді респонденттер уақытылы есеп бермесе, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Оған қоса статистикалық деректердің дәйексіздігі анықталған жағдайда 1 жұмыс күні ішінде түзету енгізуі қажет. Бұл туралы ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Марат Букенов баспасөз-мәслихатында айтты.**

Енді респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кестесінде көрсетілген мерзім ішінде есеп уақтылы тапсырылмаса, профилактикалық бақылаусыз-ақ, респонденттер айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке бірден тартылатын болады.

«Бастапқы статистикалық деректердің дәйексіздігі анықталған жағдайда, респонденттерге статистикалық нысандарға түзетулер енгізу қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі. Түзетулер енгізу статистикалық нысанды қайта ұсыну немесе деректердің дұрыстығын растау бойынша қосымша ақпарат беру арқылы бір жұмыс күні ішінде жасалуы тиіс. Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді бұрын ұсынғанын көрсететін дәлел жеткілікті болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс қозғалады», - деп түсіндірді департамент басшысы.

Аталған өзгерістер БАҚ беттерінде жарияланған күннен 60 күн өткен соң, биылғы жылдың 8 маусымынан бастап күшіне енеді.

Спикер барлық респонденттi статистикалық есептерді белгіленген мерзім ішінде тапсыруға және себеп-салдарын алдын алу үшін сенімді деректерді ұсынуға шақырды. Сондай-ақ, статистика мәселелері туындаған жағдайда Ұлттық статистика бюросының 1446 бірыңғай нөміріне тегін хабарласып ақпарат алуға болатынын жеткізді.

**Алакөл ақпарат.**

# Жетісу жастары нашақорлыққа қарсы



Жетісу облысындағы жастар арасында нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жобасы іске қосылады. Іс-шаралар кешені салауатты өмір салтын насихаттау, өз денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру, жастар арасында нашақорлықтың таралу себептері олардың алдын алу факторын анықтауға бағытталған. Бұл туралы Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде БАҚ өкілдерімен өткен кездесуде «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» ЖҚБ үйлестірушісі Ержан Даулетбаев баяндады.

«Жоба бірнеше мақсатты аудиторияға, соның ішінде мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және БАҚ өкілдеріне бағытталған. Бастама шеңберінде есірткінің зияны туралы хабарлауға бағытталған түрлі іс-шараларға кемінде 1000 адам тарту жоспарлануда. Бұл бағдарламаға буклет, брошюраларды, үлестірме материалдарды, бейнероликтерді және әлеуметтік желілердегі жазбаларды тарату арқылы 100 000-нан астам адамды қамтылады, - деп атап өтті спикер.

Облыстың 8 ауданы мен 2 қаласында тақырып бойынша кемінде 20 іс-шара ұйымдастырылады. Олардың арасында дәрістер, тренингтер мен семинарлар жоспарланған. Ақпараттық материалдар ай сайын қоғамдық орындарда, базарлар мен кәсіпорындарда таратылатын болады. Жастардың назарын нашақорлық проблемасына аударуға арналған 100 арнайы плакат әзірленіп, орнатылады.

Жобаның негізгі мақсаттарының бірі ЖИТС және туберкулез сияқты зиянды заттар мен аурулардан аулақ болуға тарту. Іс-шараға қатысқаннан кейін жастар арасында зиянды заттарға теріс көзқарас 85%-ға артады деп күтілуде.

Салауатты өмір салтын насихаттау және халықаралық тәжірибе негізінде жастармен практикалық жұмыс жүргізу – қоғамдағы нашақорлық деңгейін төмендету жолындағы маңызды қадамдар. Бұл жоба нашақорлықпен күресуге елеулі үлес қосып, өңір жастарының өз денсаулығына қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсінуге септігін тигізетіні сөзсіз.

**Алакөл ақпарат.**




# Казахский язык - язык наших предков

Президент Касым-Жомарт Токаев на сессии АНК заявил, что стратегическим направлением нашей политики остается вопрос овладения государственным языком всеми гражданами.

Глава государства указал на необходимость предпринять системные шаги для развития поликультурной среды и овладения государственным языком всеми гражданами.

«Казахский язык выступает действенным инструментом гражданской интеграции, олицетворением культурно - духовного единения. При этом казахский язык должен стать средством приобщения к лучшим достижениям научного прогресса и образования. Это историческая задача, которую предстоит решить не только профильным министерствам, но и всем обществом, не допуская при этом инсинуаций и ажиотажа, а действуя благоразумно и поступательно. Граждане, не изучавшие государственный язык и не владеющие им в требуемом объеме, ни в коем случае не должны ущемляться по языковому принципу. В то же время в нашем обществе изучение государственного языка, стремление овладеть им должно стать повседневной нормой», – отметил президент.

Казахский язык, подчеркнул он, только тогда станет популярным, когда усилится его востребованность.

«Владение различными языками – это признак культуры каждого человека. А овладение государственным языком, тем более родным казахским языком, – это показатель того, насколько развит в культурном отношении тот или иной гражданин, насколько развита в нем гражданская ответственность, в конце концов, насколько он патриотичен. В целом, вокруг государственного языка необходимо поддерживать положительную и позитивную атмосферу. Важно понимать, что все дискуссии по языковому вопросу носят не этнический, а гражданский и политический характер», – добавил Касым-Жомарт Токаев.

При этом президент отметил, что общенациональная гражданская идентичность не отвергает этнические особенности, она нацелена на формирование фундамента новой модели гражданского общества.

«Каждый этнос в Казахстане имел и будет иметь возможность развивать свои традиции, культуру, язык. Это, по сути, основа общенациональной идентичности. При этом все граждане Казахстана должны чувствовать свою сопричастность к прошлому, настоящему и будущему нашего государства, символам нашей нации и ее культурному ядру. Упомянутые мною принципы «мы разные, но мы равные», «единство в многообразии» должны красной нитью проходить через систему дошкольного, среднего и высшего образования», – резюмировал глава государства.

Казахский язык существует с тех пор, как казахский народ сформировался как нация. Казахский язык – наше прошлое, настоящее и будущее, он вечный, как время. Язык – это доказательство существования нации. Язык – это наказ предков своему поколению, престиж сегодняшнего и залог завтрашнего дня. В Законе четко и ясно написано что «Государственный язык – казахский язык».

В начале XX века ученый Ахмет Байтурсынов сказал «Самая мощная причина потери нации - это язык, если исчезнет слово, исчезнет и нация».

Несколько веков наша нация была в русском подданстве, за тем в стеснении тоталитарной системы, это очень сильно повлияло на качество нации, нанесло вред родному языку. Сформировались семьи и династии, которые не знали своего родного языка. Это тяготы исторического периода, лишивших нас национальных корней. На сегодняшний день мы постепенно очищаемся от этой «болезни». Так как Казахстан – суверенная страна и государственным языком является казахский язык, знание его - обязательный долг каждого гражданина страны.

Известный ученый Махмұд Қашқари сказал «Воспитание должно начинаться с родного языка». Всякое воспитание начинается с семьи, и патриотичное чувство формируется в семье. Казахский народ с младенчества старался воспитать в ребенке понятие «Родины», связывая ее с понятиями отчизны, родной землей, родным языком.

Без языка не станет и нации. Сохранение и уважение родного языка пробуждает дух отчизны. Это наш великий долг перед нашими предками. Повышение статуса государственного языка и расширение сферы его применения должно начинаться со школы. Образование начинается с освоения языка. Лишь знание помогает осознать ошибки прошлого, чтобы определить направление на перспективу будущего.

В стране темпы перехода к государственному языку улучшаются с каждым днем. Все государственные органы и государственные учреждения проводят разные мероприятия для осуществления развития и применения государственного языка. Кроме того, в газетах и журналах, на телевидении в различных программах говорится о важности государственного языка. Такая агитационная работа оказывает положительное влияние на развитие государственного языка.

На сегодняшний день растет интерес к Казахстану, признанному во всем мире как независимая страна. Все желают познать не только материальные, так и духовные ценности нашей страны.

Следует повысить уважение к казахскому языку в национальном сознании.

Казахский язык – язык наших предков, их самое ценное завещание для будущего поколения.

**Ш. АСИНА.**

# Ешьте на здоровье!

**Татарская сладость «чак-чак» - это объеденье, просто смак!**

**Лепсинск - многонациональное село. В раннем средневековье здесь проживали тюркские племена. С середины XIX века сюда, тогда еще Ой-Жайлау-Чубар-Агач, началось массовое переселение крестьян. Среди них были и татары.Они принесли с собой культуру возделывания земли при помощи отвального плуга – сабана. Праздник в честь окончания посевной так и назывался «Сабан-туй». Проходит этот праздник в конце июня, перед началом сенокоса. И, конечно, для приглашенных гостей накрывались дастарханы, на котором главным угощением был чак-чак.**



Гости из других аулов привозили күчтәнәч (подарок). Среди них были: вяленные гуси,сотовый мед, пастила, разнообразная сдоба: катлама, бәдри, бәлиш и чак-чак (горка)- угощение из обжаренных во фритюре кусочков теста, перемешанных с медовым сиропом. Кстати, чак-чак это кулинарное изделие не только татар, но и башкир, казахов, киргизов, уйгуров, каракалпаков, узбеков, чувашей. Да и русские Приволжья и Южного Урала имели на столе такое лакомство.

Когда-то, это традиционное кушанье из теста и меда готовили только к большим праздникам и свадьбам. Молодые девушки на выданье должны были заниматься тестом, замужние женщины его жарили, а эбикибабушки – готовили медовую заливку, формовали и украшали готовое блюдо. Точно нельзя сказать, где и когда появился чак-чак. Только однажды на свадьбу ханского сына было изготовлено блюдо, рецепт которого сохранился до сих пор. Хан попробовал и пожелал своему наследнику такого же крепкого союза с женой, как склеенные между собой кусочки чак-чака, и столько детей, сколько чак-чака приклеится к дну блюда.

Рассказать секреты приготовления чак-чака мы попросили жительницу Лепсинска Букееву Флюру Минтаевну.Вот ее рецетура: «Основа теста состоит из муки высшего сорта и яиц. Для усиления вкуса добавляю соль и сахар, а для максимальной воздушности кладу немного соды. Тесто должно быть достаточно мягким, тогда готовый чак-чак приобретет хрустящую корочку, а внутри будет мягким. Можно добавить чайную ложку свежих сливок. Тщательно перемешанное, тесто должно «отлежаться» около часа. Потом его выкладывают на посыпанную мукой доску и раскатывают сочень толщиной 4-5 мм. Режут его на квадратики или полоски. После нарезки, их нужно сложить в сито и аккуратно потрясти, чтобы убрать лишнюю муку. Жарят чак-чак в большом количестве масла. Можно использовать любое, главное, чтобы не было посторонних запахов и привкусов. Для начала его следует хорошенько разогреть, положить один кусочек теста, и, если масло начинает пускать пузырьки, можно начинать жарить. При обжарке тесто нужно постоянно помешивать, чтобы кусочки подрумянились со всех сторон и приобрели золотистый цвет. Обжаренные шарики выкладываю на бумажное полотенце, чтобы удалить излишки масла. Затем готовится заливка. Его основу составляет мед. Мед нужно будет растопить. В подходящей емкости нагреваю сахарный сироп, а после полного растворения добавляю мед. Массу нужно постоянно помешивать и варить на медленном огне 5-7 минут, после чего снять с плиты. Нельзя добавлять много сахара и долго кипятить. Обжаренные кусочки теста заливают еще горячим сиропом, хорошо перемешивают и придают традиционную форму горкой. По желанию в качестве украшений можно использовать грецкие орехи, сухофрукты, татарскую пастилу».

В конце беседы Флюра Минтаевна рассказала о том, что рецептов чак-чака много. Тесто может быть в виде тонкой лапши или крупных шариков (мелкие баурсаки). Когда нет меда или есть аллергия на него, можно использовать чистый сахарный сироп. Такой продукт еще называют тош. Кстати, существует рецепт и «ленивого» чак-чака, для которого вместо сиропа берут вареную сгущенку. Иногда чак - чак можно украсить и цветами. Классический чак-чак хранится до трех недель, поэтому его всегда готовили впрок, но съедалось лакомство, конечно, намного быстрее.

Считается, что своим ярким цветом чак-чак символизирует солнце, а формой, то есть традиционной горкой — радушие, дружелюбие и сплоченность татарского народа. Уверенно можно сказать, что чак-чак и традиционные пәрәмәчи— любимое блюдо моих родственников, друзей и гостей Лепсинска.

**М. ХАЙБУЛИН,**
**научный сотрудник**
**Лепсинского исторического музея.**

*Еңбек адамы*

# Халықтың ұлы атанған тұлға



**Жаратқанның назары молынан түскен айдынды Алакөл даласы талай текті тұлғаларды түлетті. Солардың қатарында медицина саласының майталманы, осы бағытта аты алтын әріптермен өрнектелер жерлесіміз Әділман Нұрмұхамбетұлы да бар.**

Әділман Нұрмұхамбетұлы Семей мемлекеттік медицина институтын 1962 жылы тәмамдаған соң патофизиология кафедрасына аспирантураға түсті. 1965 жылы СММИ патофизиология кафедрасының ассистенті, 1971 жылы – доценті қызметіне сайланды. 1967 жылы Әділман Нұрмұхамбетұлы Алматы қаласы ҚазСРО ҒА экспериментттік және клиникалық хирургия, аймақтық патология, физиология институты Ғылыми Кеңесінде «Пептондық сілеймеде артериялық қысым, тыныс, қан жүйесі және электроэнцелографиялық көрсеткіштердің өзгеруінде бүйрекүсті безі қыртысы қабаты гормондары әсерінің маңызы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (ғылыми жетекшісі - м.ғ.д., профессор – Т.А.Назарова).

1975-1979 жылдары ҚазССР Денсаулық сақтау министрлігінде кадрлар мен оқу орындары басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарды. 1979-1991 жж. Алматы мемлекеттік медицина институтында ОҒЗЛ меңгерді. 1989ж. Мәскеу қаласында ССРО медицина ғылымдары академиясының «Жалпы патология және патофизиология институтында» «Дәрілік және өндірістік химиялық заттардың әсерінен мый мен жүрек зақымдануында майлардың асқын тотығуының маңызы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады (ғылыми кеңесшілері – м.ғ.д. профессор Ф.З. Меерсон, м.ғ.д., профессор Р.И. Кругликов).

1991 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің патофизиология кафедрасының меңгерушісіне конкурстан өтіп, 22 жыл бойы осы кафедраны басқарды. 2013 жылдан кафедра профессоры қызметіне ауысты.

Профессор Әділман Нұрмұхамбетұлы Қазақстанда экологиялық патофизиологияның негізін қалады және ауыр металдардың уытты әсерлерінің ішкі тетіктерін терең зерттеуде медицина ғылымына ауқымды үлес қосты және олардан сақтандыру жолдарын жетілдіру үшін жергілікті өсімдіктерден алынған адаптоген дәрілер, жергілікті сорбент цеолит, Бектуров атындағы Химия институтында жаңадан синтезделген препараттарды пайдалану нәтижелілігін көрсетті. Профессордың жетекшілігімен кафедра қызметкерлері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің көптеген ғылыми жобаларын жүзеге асыруға қатысты.

Әділман Нұрмұхамбетұлының жетекшілігімен 3 докторлық, 16 кандидаттық, 3 магистрлік диссертациялар қорғалды. Профессор Әділман Нұрмұхамбетұлы 300-ден астам ғылыми жұмыстардың, 11 кітаптың авторы, «Мый мен миокардтың химиялық зақымдануының антиоксиданттық қорғалуы», «Жануарлардың когнитивтік қызметі мен қан жүйесінің металдармен бұзылыстарын гипоксиямен емдеу» және «Заманауи медико-экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары» монографияларының, 8 авторлық куәліктің авторы.

Әділман Нұрмұхамбетұлы патофизиологиядан қазақ тілінде тұңғыш оқулықтың авторы және оны бірнеше мәрте (2000, 2007, 2011, 2016, 2021жж) қайта өңдеуден өткізіп басып шығарды және 2010ж «Клиникалық патофизиология» оқулығын баспадан шығарып, оны 2016, 2021 жылдары толықтырып басылымнан 2 томдық көлемде қайта шығарды.

Профессор Әділман Нұрмұхамбетұлының марапаттары:

1. «Денсаулық сақтау үздігі» (1972ж., Мәскеу қаласы);
2. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1998ж);
3. ҚазҰМУ күміс медалі (2007ж);
4. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2008ж);
5. «Тіл жанашыры» (2009ж., Астана қаласы);
6. «Үздік кафедра меңгерушісі», 2011ж.
7. «ҚазҰМУ атақты профессоры» (2013ж);
8. ҚазҰМУ алтын медалі (2015ж);
9. «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» (2018ж);
10. «Адал еңбегі үшін» (Семей қаласы);
11. «Семей медицина университетіне сіңірген еңбегі үшін» (Семей қаласы);
12. «Құрметті түлек» (Семей қаласы);
13. «Алакөл ауданының құрметті азаматы» (Алматы облысы, 2018ж).

Әділман аға 1991 жылдан 2013 жылға дейін ҚазҰМУ патофизиология кафедрасының меңгерушісі болып істегені баршамызға мәлім. Ендігі кезекте осы кафедра Әділман Нұрмұхамбетұлы атымен аталуы біз үшін үлкен қуаныш.

Әділман Нұрмұхамбетұлы өзімнің жерлес ағам, Алакөлден шыққан сол тұстарда медицина саласының майталмандары деп үш тұлғаның атын айтар болсам, соның бірі осы кісі болатын. Жас кезімізде алдыңғы буын ағаларымыз ретінде осы кісілерге қарап, бой түзеп, ой түзеп өстік. Өмір жолында, кәсіби бағытта ағаларымыздың жақсылығын көрдік.

Алакөлден шыққан бірнеше тұлға алдымыздағы ағаларымыз болды. Атап айтсақ Қожахмет Шуақов, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Ұлы Отан соғысының ардагері(1941-1945 жж), Семей медицина университетінің ректоры қызметін атқарған( бұрын Семей мемлекеттік медицина институты). Ол кісіні Алматы медицина институтының студенті кезінде көрдім, тәлім тәрбие алдым десем болады. Асылбек Өнербекұлы Қонақбаев ағамыз, Алакөл аудандық ауруханада дәрігер-хирург, бас дәрігер қызметін атқарған. Көп жылдар ҚСРО денсаулық сақтау министрінің орынбасары қызметін атқарды. Бұл ағамызбен дәрігер-хирург болып жұмыс істегенде, кейін Мәскеуде оқығанда араластым. Адильман Нұрмағамбетов ағамызды студент кезінде танысып, араластым. Тәлім тәрбиесін, кеңесін тыңдап өстім. Лұқпан Нұрғазиев ағамызды айтпау мүмкін емес, өйткені 20 жылдан астам ол кезде Алматы, кейін Талдықорған облысы денсаулық сақтау саласын басқарған. Облыстың, Алакөл ауданының денсаулық сақтау саласына үлкен еңбек сіңірген тұлға. Осы ағаларымызды бала кезден естіп, кейін көріп өстік. Осы ағаларымызға қарап бой түзедік. Медицинаға, медицина ғылымына зор үлес қосқан ағаларымызды жерлес ретінде кейінгі буын, жолдарын жалғастырушысы деп өзімді санаймын…

Соның ішінде Әділман Нұрмұхамбетұлын Қазақ медицинасының дамуына өзіндік үлесін қосты десем артық айтқандығым болмас. Өзім жетпісінші жылдардың соңы, сексенінші жылдардың басында қазіргі Қазақ ұлттық медицина университетінде білім алдым. Сол кезде Әділман Нұрмұхамбетұлы Алматы мемлекеттік медициналық институтының ЦНИЛ-ін басқарды. Алдын да сырттай танушы едім. Өзімнің ағаммен қатар өсті, бірге оқыды. Бірақ осы кезде жол түсіп жақынырақ таныстым. Ағалық кеңесін алдым, жанашырлығын көрдім.

Әділман Нұрмұхамбетұлы 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Ол Қазақстандағы экологиялық патофизиологияның негізін қалаушы болды және ауыр металдардың уытты әсерінің жұқа механизмдерін зерттеуге және химия институтында жергілікті өсімдік шикізатынан алынған химиялық адаптогендердің, жергілікті шыққан цеолит сорбентінің және жаңадан синтезделген иммуномодуляторлардың көмегімен ағзаны осы токсиканттардан қорғау әдістерін жасауға үлкен үлес қосты. Оның жетекшілігімен 16 кандидаттық және 3 докторлық, 4 магистрлік диссертация қорғалды.

Ағамыз нағыз ғылымның адамы еді... ғылым ошағындағы негізгі кафедраның аты беріліп жатқанын жылы қабылдадық. Ағамыздың рухы шат болғай. Осы игі іске атсалысқан азаматтарға өз атымнан шынайы алғысымды білдіремін.

**М.РЫСБЕКОВ,**
**Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының ректоры, профессор.**

# Карантиндік арамшөп – арамсояу

Карантиндік арамшөптер – белгілі бір өңірде жоқ және аз таралған, бірақ өте тез таралуға бейім келетін арамшөптердің аса зиянды түрлері. Біздің ауданымызда екі карантиндік арамшөп таралған, олар жатаған у кекіре және арамсояу.

Арамсояу (Cuscuta S.P.) – шырмауықтар тұқымдасының өкілі. Арамсоя – біржылдық тоғышар өсімдік. Арамшөптің тамыры мен жапырағы жоқ, жіп немесе бау тәрізді көп мөлшерде бұтақтың сабақтары бар.

Егістік арамсоя (Cuscuta campestris Yunck) – арамсоядың кең таралған түрі. Егістік арамсоядың 630 – дан өсімдік, әсіресе қосжарнақ тұқымдас өсімдіктер тобының түрін зақым келтіреді. Жабайы және мәдени дақыл тріне тоғышарлық зақымдайды. Қазақтан Республикасында бұл арамшөп түрін егістіктерде, жол жиегінде, бау – бақшада кездеседі. Жоңышқа, жасымық, картоп, қант қызылшасы, сәбіз, пияз, қауын, қарбыз және тағы басқа өсімдіктер түріне келтіретін зақымы орасан.

Зияндылығы. Егістік арамсоя (Cuscuta campestris Yunck) – жапырағы мен тамыры жоқ, сабақтық тоғышар. Арамсояу су мен қоректік заттарды топырақ қабатынан нәрлі заттарды пайдаланып синтездеуге және адсорбциялауға қабілетсіз. Арамшөп тікелей маңайындағы өсімдік есебінен өмір сүреді. Арамсояудың зияндылығы мәдени өсімдіктің зат алмасу үрдісінің бұзылуын туғызады. Жіп тәрізді сабағы маңайындағы өсімдікке гаустории (сорғыш) жабысып, оралады. Маңайындағы өсімдікке еніп, оның құрамындағы органикалық және бейорганикалық қоректік заттарды пайдаланады. Өсімдік әлсірейді, салмағы азайады, даму үрдісі бұзылы, толық өлуіне алып келеді. Зақымдалған аймақ арамсояудың таралу ошағы болып саналады.

Егістік арамсояуға қарсы күресу шаралары. Өсімдіктер карантині ережелерін сақтау, ауыспалы егістікте дақылдардың дұрыс кезектесуін, топырақты уақытылы және мұқият өңдеуді, оңтайлы себу мерзімдерін, егістіктерді күтіп – баптау және гербицидтерді қолдануды көздейтін агротехникалық іс – шаралар кешенін орындау шешуші мәнге ие.

Соңғы уақытта автомобиль жол жағалауындағы отырызылған жасыл желек орман ағаштарына жіңішке және ірі сабақты арамсояу көптеп жайылуда. Арамсояу сарышырмауық өсімдіктің өсіп - өнуіне кедергі болатын бірденбір карантинді арамшөп қатарына жатады. Жол жағалауындағы арамсояу сарышырмауық карантинді арамшөпті уақытында көзін жою және күресу шараларын жүргізбеген жағдайда, арамшөп шаруа қожалықтарына қарасты ауылшаруашылық жерлеріне және жасыл желек орман ағаштарына таралып, өсімдіктердің өсуіне кері әсерін тигізеді. Аталған арамшөптермен залалданған алқаптар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасында рұқсат етілген препараттармен химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу немесе механикалық (ору, шабу, қолмен тазалау) жолмен өңдеу жұмыстарын жүргізу қажет. Аудан бойынша биылғы жылы Республикалық Фитосанитариялық Диагностикалық және болжамдау әдістемелік орталығының мәліметі бойынша ауданымызда карантиндік арамшөп санатына жататын жатаған у кекіремен (горчак ползучий, розовый) залалданған аймақ 142 гектарды құрайды, өңдеуге жататыны – 72 га АШТӨ жерлері, 6 га аудан аумағына қарасты жергілікті маңызы бар автожолдар Үшарал – Жайпақ ауылдық округтер жол жиектерінде таралған.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» №344-1 Заңының 18 бабының 1 және 2 тармақтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес: «Мемлекеттік қор жерлерінде орналасқан карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс – шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, ал жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе жер пайдаланудағы объектілер мен жер учаскелерінде карантиндік арамшөптердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс – шараларды ұйымдастыру жеке және заңды тұлғалардың өз қаражаты есебінен жүргізіледі » - деп көрсетілген.

**Қ.С.ТАЙКЕНОВ,**
**аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

# Дарабоз батыр – Қабанбай



Қабанбай Қожағұлұлы, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз — батыр, дарынды қолбасшы. Азан шақырып қойылған есімі — Ерасыл. Ол 1692 ж. қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы Барлық тауында өмірге келіп, 1770 жылы сонда дүние салған. Қабанбай Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. "Қазақта Найман Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ",-деген екен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Жастайынан жаугершілік пен шапқыншылықтың зардабын көріп өскен Ерасыл бүкіл еліне, жұртына төнген зұлматтың қандай екенін, бойына сіңіріп, сезініп өскен қазақ ұлдарының бірі. Кейбір мәліметтерде Арқада туып, Арқадағы Есіл мен Нұра ортасындағы Қабанбайдың Ұшбұлағы аталатын жерде дүниеден өткен деседі. Ал сүйегі Үшбұлақтан 3 шақырым жерде «Найман қорым» аталатын қырдың үстінде. Батырдың өмірбаянына қатысты тарихи деректерді Амангелді Төлемісов жинақтап, өз баяндамасында қалың қауымға ұсынды. «Ту көтеріп, ел қорғаған сүйікті батырына халқы Ерасыл, Нарбала, Ізбасар, Қабанбай, Хан батыр, Дарабоз, Көкірек әулие деген ат-есімдер берген», – дейді тарихшы. Жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолынан қаза табады. Он алты жасар бала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жоңғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Зайсандағы Керей ішіне кетіп, жездесі Бердәулеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, "Қабан батыр" атанды.1717 ж. Аягөз шайқасына, 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай шайқасына, кейіннен Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды.

Қабанбай батырдың ерліктері:

1.1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанды.

2.1751 ж. Ол Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларын жоңғарлардан тазартып, Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалады.

3.1752 — 54 ж. Қабанбай басқарған қазақ әскері алдымен Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуға қатысты. Осыдан кейін Қарақол мен Нарынды, Үржар мен Қатынсуды, Алакөл мен Барлықты азат етіп, терістік бағыттағы Бөгембай әскеріне қосылды. Баспан-Базар, Шорға, Маңырақ шайқастарына қатысып, Зайсан, Марқакөл, Күршім өңірлерін азат етті.

4.1756 ж. Жоңғар билеушісі Әмірсананы қуып келген қытай әскерінің бетін қайтаруға атсалысты, Шонжы, Нарынқол, Кеген өңірлерін қырғыздардан қайтарып алуға қатысты.

5.1758 ж. Қыркүйекте Барлықтан Үрімжі қаласына 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. 500 адамдық қолмен келген қырғыз батыры Карабекке ауырып жатқанына қарамастан қарсы шығып, жекпе-жекте Карабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап түсіп, қазаға ұшырайды. Алматы облысындағы бұрынғы Андреев ауылына, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданындағы Жарбұлақ ауылына, Алматы, Семей, Өскемен, Талдықорған қалаларындағы бір-бір көшеге, сондай-ақ Аякөз қаласында орналасқан танк дивизиясына есімі берілген. Үшарал қаласында батырға ескерткіш, Астана іргесінде ескерткіш-монумент орнатылған.

6. 1992 — 93 ж. Бұрынғы Талдықорған және Семей облыстарында 300 жылдығы аталып өтіліп, үлкен ас берілді. Батырдың өмірі мен ерлік күресі Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара, т.б. ақын-жыраулар шығармашылығына арқау болған. Жазушы Қабдеш Жұмаділов "Дарабоз" тарихи романын жарыққа шығарды.

**Гүлнұр ЕСІМЖАНОВА, Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жүргізушісі.**

## Тұрғындар назарына

Алакөл ауданы әкімдігінің «Алакөл ауданының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөлжылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны тұтынушыларға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 26 маусымдағы № 47-НҚ бұйрығымен 2024 жылғы 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілуімен жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне 1 Гкалға 8 323,90 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тарифі бекітілгенін хабарлайды.

Жылу энергиясын тұтынуды есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай сараланған тарифтері мынадай:

ҚҚС-сыз

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 топ | халық тобына жататын жеке тұлғалар | есепке алу аспаптары бар | теңге/Гкал | 2 918,65 |
| | | есепке алу аспаптары жоқ | теңге/Гкал | 3 850,20 |
| | | | теңге/м2 | 109,35 |
| 2 топ | өзге тұтынушылар, бірінші топқа жатпайтын | есепке алу аспаптары бар | теңге/Гкал | 7 649,33 |
| | | есепке алу аспаптары жоқ | теңге/Гкал | 10 544,56 |
| 3 топ | бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар | есепке алу аспаптары бар | теңге/Гкал | 13 428,25 |
| | | есепке алу аспаптары жоқ | теңге/Гкал | 21 763,53 |

## Вниманию жителей

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Алакөлжылу» ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Алакольского района» акимата Алакольского района информирует потребителей о введении с 1 августа 2024 года временного компенсирующего тарифа на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией в размере 8 323,90 тенге/Гкал без учета НДС, который утвержден приказом Департаментов Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Алматинской области от 26 июня 2024 года № 47-ОД.

Тарифы, дифференцированные в зависимости от наличия/отсутствия общедомовых приборов учета тепловой энергии, составили:

без НДС

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 группа | физические лица, относящиеся к категории населения | с прибором учета | тенге/Гкал | 2 918,65 |
| | | без прибора учета | тенге/Гкал | 3 850,20 |
| | | | тенге/м2 | 109,35 |
| 2 группа | прочие потребители, не относящиеся к первой группе | с прибором учета | тенге/Гкал | 7 649,33 |
| | | без прибора учета | тенге/Гкал | 10 544,56 |
| 3 группа | бюджетные организации, содержащиеся за счет бюджетных средств | с прибором учета | тенге/Гкал | 13 428,25 |
| | | без прибора учета | тенге/Гкал | 21 763,53 |

## Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 52-7 бабы 1 тармақшасы, 1 тармақшасы негізінде, 2024 жылғы 25 шілде күні сағат 10:00- де Қабанбай ауылы Абылай хан көшесі 312 « Үйгентас орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында Қабанбай, Көкжар және Тентек орманшылығы аумағында 2025 жылы кесілетін ағаштар жайында қоғамдық тыңдау өткізіледі. Les.hoz00@ mail.ru электрондық поштаға жобаға ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Байланыс телефоны: 8 (72837) 4-12-30,4-14-78.

## Объявление

В соответствии со статьей 57- 2п.1 п.п.1 Экологического кодекса Республики Казахстан 25 июля 2024 года в 10:00 по адресу: Алакольский район, село Кабанбай, ул. Аблайхана №312 в зале заседания коммунального государственного учреждения «Уйгентасское лесное хозяйство» состоится общественное слушание по вопросу рубки деревьев на 2025 год на территории Кабанбайского, Кокжарского, Тентекского лесничества. Замечания и предложения по проекту принимаются по электронному адресу: Les.hoz00@ mail.ru . Контактные телефоны: 8 (72837) 4-12-30, 4-14-78.

## Будьте осторожны на воде

Основными причинами несчастных случаев на воде является грубое нарушение гражданами правил безопасности на воде либо их незнание.

- купайтесь только на оборудованных пляжах и в других отведенных для купания местах где есть официальное разрешение и спасательная служба;
- не умея плавать не заходите в воду выше пояса;
- не заплывайте далеко от берега за буи и знаки ограждения;
- не подплывайте к близко идущим катерам лодкам;
- не купайтесь слишком долго, возможно переохлаждение и усталость;

Уважаемые родители, педагоги, руководители детских оздоровительных лагерей и зон отдыха!

Строго следите за детьми, не оставляйте их у водоемов без присмотра взрослых. Купаться разрешайте детям только в специально отведенных и оборудованных местах и в присутствии взрослых. Категорически запрещается детям плавать на надувных матрацах, камерах, досках, надувных игрушках. Ветер или течение могут отнести их далеко от берега, а это затруднит оказание помощи.

Граждане! Будьте осторожны на воде!

**Е.БАЗАРБАЙ, инженер ОЧС Алакольского района.**

## Хабарландыру

26.08.2024 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы Алакөл ауданы Еңбекші ауылы М. Әуезов көшесі 29 мекенжайы бойынша «Жетісу облысы Алакөл ауданында орналасқан ауданы 4,5 га «Үшарал-8» учаскесінде құрылыс тасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Zoom видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 927 990 3131, қатынау коды: bbNb3r. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Дәнекер-Жол» ЖШС, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Қуат ш.а., Н. Исахметов көшесі, 43 үй, БСН 010540010809. Тел. 87071119974, geoconsulting@inbox.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, Талдықорған қ., Қаратал ш.а. 7 үй, 8 пәтер, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.

«Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, zhetysu.priroda@zhetysu.gov.kz, тел. 8(72772)23227, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

## Объявление

26.08.2024 года, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, с.Енбекши ул. М.Ауезова 29 будут проводиться общественные слушания по проекту «Рабочий проект рекультивации нарушенных земель при добыче строительного камня на участке «Ушарал-8», площадью 4,5 га, расположенного в Алакольском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Zoom видео-конференцию: Идентификатор конференции: 927 990 3131, Код доступа: bbNb3r. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Дәнекер-Жол», Алматинская область, Илийский район, с Отеген батыр, мкр-н Куат, ул. Н.Исахметова, д.43, БИН 010540010809. Тел.87071119974, geoconsulting@inbox.ru. Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», г.Талдыкорган, мкр-н Каратал, д.7, кв.8, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», zhetysu.priroda@zhetysu.gov.kz, Тел. 87282329267, г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, 26.

**Меншік иесі: «Алакөл айнасы» ЖШС-і.**
**Құрылтайшы: Ғалым АЗАТҰЛЫ**
**Директор - Ғалым Азатұлы**
**Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.**

**Телефондар:**
**Директор: 3-52-63**
**Бас редактор: 3-52-68**
**Бас редактордың орынбасары: 3-51-74**
**E-mail: alakred@mail.ru**
**Сайт: alakol-aynasy.kz**

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады

Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200.

**Осы шығарылымның таралымы 3282**

**Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады. Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.**